Цифрландыру – бәсекеге қабілетті экономиканы дамытуды және халқының тұрмыс сапасын жаңа деңгейге көтеруді мақсат тұтқан әлем мемлекеттері жаппай ұстанып отырған тренд. Білім саласындағы

цифрландырудың басты міндеті білім беру сапасын арттыру, халықаралық деңгейде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті трансверсалды құзыретті маман дайындаудағы өзекті мәселелерді шешу болып табылады.

Қазақстанда 2017 жылдан бастап «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы [1] іске асырылып келеді. Осы бағдарламаның аясында жүзеге асырылып жатқан барлық іс-шаралар мен жобалар мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен ашықтығын арттыруға, халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге, білім және денсаулық сапасын, еңбек өнімділігін жақсартуға бағытталады. Айта кету керек, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жасау барысында көптеген өркениетті, дамыған елдердің тәжірибесі қолданылды. Олардың қатарында цифрлық технологияны іске асыру жолында толағай жетістіктерге қол жеткізген Австрия, Дания, Аустралия, Канада мен Сингапур секілді елдерді мысалға келтіруге болады.

2000-жылдардан бері қарай, республика көлемінде білім беру саласының цифрландыруына, болашақ мамандардың цифрлық сауаттылықтары мен мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ауқымды зерттеу жұмыстары орындалды. Олардың ішінде диссертациялық, дипломдық зерттеу жұмыстары, ғылыми-тәжірибелік конференция, семинар аясында жарық көрген ғылыми мақалалар бар. Қазақстандық зерттеушілер осы мәселені зерделеген Америка және Батыс елдеріндегі (L.Masterman, D.Ifenthaler т.б.) және көршілес Ресейдегі ғалымдардың (А.А. Новикова, Т.С. Моспан және т.б.) еңбектерін негізге ала отырып, әр түрлі бағыттар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жариялауда.

Атап өтетін болсақ, отандық ғалымдардың ішіндегі Г.Қ.Нұрғалиева, Г.Б. Ахметова, Ғ.Б.Саржанова және т.б. зерттеулерінде ақпараттық технологияларды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану мәселелері, компьютер құралдарының білім беру жағдайындағы қажеттілігі мен мүмкіндіктері қарастырылған. Ал, медиабілім беру, цифрлық сауаттылық пен мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы мен оны тәжірибеде жүзеге асыру жолдары, сондай-ақ БАҚ және цифрлық құралдарды білімдік және тәрбиелік мақсатта пайдалану мәселелері П.Б.Сейітқазы, Е.Ж.Масанов, А.К.Абдиркенова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды. Осы аталған зерттеу жұмыстарына сүйенетін болсақ, цифрландырудың екі жағы бар. Бір жағынан ол арқылы білім берудің ашықтығын, мобильділігін, оқу үдерісінің тартымдылығын, көрнекілігін және білім беру ұйымдарының өзара әрекеттестігінің желілік моделін дамытуға болады. Екінші жағынан, цифрландыру жаңа білім беру жағдайын құруға, білім беру жүйесіне жаңа өзгерістердің енуіне алып келеді.

Көптеген ғылыми зерттеулерде цифрландырудың әсерінен болатын білім беру жүйесіндегі өзгерістер кеңінен талқылануда. Цифрландырудың оң әсері ретінде білім алушылардың ақпараттық ресурстарға кең қолжетімділігі; жеке білім беру траекторияларын құру мүмкіндігі; білім беру ұйымдары қызметінің ашықтығы; оқытушылар мен студенттер арасындағы, білім беру процесінің басқа да субъектілері арасындағы өзара іс-қимылды оңтайландыру; білім беру процесін басқарудың мобильді құрылымдарын қалыптастыру; ақпараттық жағынан сауаттылықты арттыру және т.б. жатады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2020 жылы жариялаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында [2] цифрландыруға «сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы», - деп баға берді. Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, білім беру субъектілерінің жүктемесін азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Сондықтан да, цифрлық орта жаһандық трансформациялық үдерістерді ескеру негізінде әлемдік деңгейдегі болашақ маманның трансверсалды құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал етеді. Цифрландыру мәселесіне айрықша мән беру – мемлекет қойып отырған маңызды стратегиялық міндеттердің бірі «білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлауда» тиісті рөл атқарады.

Цифрлық орта ақпараттық технологиялар мен киберкеңістіктің барлық ерекшелігін біріктіреді және белгілі бір деңгейде инфрақұрылымға (телекоммуникациялық / интернет-желілер және компьютерлерден смартфондарға дейін әртүрлі есептеу кешендері), құрылымға (интернет, бағдарламалық платформалар мен интерфейс, желілік бағдарламалық хаттамалар) және ультрақұрылымға (инфосфера) ортақ сипаттарды қамтиды [3].

Соңғы жылдары еліміздің білім беру жүйесінде жасалынып жатқан реформалар білімді, алғыр, бәсекеге қабілетті, жауаркершілікті өздеріне ала білетін, коммуникативті, медиасауатты, креативті, сыни тұрғыдан ойлай білетін, дұрыс шешім қабылдап, таңдау жасай алатын, мақсаттар қойып, оған қол жеткізе білетін, ұлттық құндылықтарымызды аялайтын, елімізді бүкіл әлемге паш ете алатын рухани қайратты, трансверсалды құзыреттілікті игерген болашақ мұғалімдер дайындауға бағытталып отыр. Өйткені, бүгінгі таңда ЖОО-ның негізгі мақсаты – қоғамның барлық қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, цифрлық технологияларды қолдана алатын, еңбек нарығында икемділік пен креативтілікке ие, топта жұмыс атқара алатын және өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті, өз кәсіби

шеберлігі мен азаматтық, мәдениетаралық танымдары арқылы қоғамға жаңаша серпін бере алатын кәсіби мамандар даярлау болып табылады.

Трансверсалды құзыреттілік еңбек нарығының сұраныстарын қамтамасыз ету үшін шешуші мәнге ие, сондықтан да, кейбір зерттеу жұмыстарында бұл құзыреттілік жұмыс жасауға деген дағды немесе қабілет деп көрсетіледі. Кейінгі жылдары трансверсалды құзыреттіліктің дамуына мейлінше ерекше көңіл бөлінуде. Аталған құзыреттіліктер өмірдің барлық салаларында қолданылуда және даму үстінде, өйткені, бүгінгі күні бұл құзыреттіліктерді, дағдыларды меңгермейінше қоғамның сұраныстарын қанағаттандыру белгілі деңгейде айтарлықтай қиындықтар туындататыны анық мәселе.

Осы тұрғыдан алғанда өз зерттеулерінде М.П.Асылбекова, Т.Н. Отарова ХХІ ғасыр дағдылары немесе ғаламдық дағдыларға: сыни ойлау, көшбасшылық, сандық құралдарды пайдалану, мәселелерді шешу және бірлесіп жұмыс істеу қабілеттерін жатқызады. Себебі «тұлғаның жеке дамуының негізі» және кез-келген білім мен дағдыларды қолдану үшін негіз болып табылады [4].

Зерттеушілердің пікірінше, трансверсалды дағдылар – болашақ мұғалімдерге әртүрлі білім мен жағдайлардағы қажеттіліктерге және өзгеретін талаптарға бейімделу қабілетін бере отырып, олардың білімі мен дамуын тұтас қабылдауын қолдайтын маңызды дағдылар, құндылықтар мен көзқарастар жиынтығын қамтиды. Білім беру саласындағы жиі кездесетін трансверсалды дағдылар қатарына: коммуникативтік дағдылар, топтық жұмыс, өмір бойы білім алу, шығармашылық, ақпараттық және цифрлық сауаттылық жатады.

Maciej Szafranski, Marek Golinski-дің «The acceleration of development of transversal competences» еңбегінде трансверсалды құзыреттіліктер әлеуметтік мақсаттарға жету үшін қажетті жағдайларға сәйкес келетін білім, дағдылар мен көзқарастардың жиынтығы ретінде анықталады. Олар келесі трансверсалды құзыреттіліктерді атап өтеді: оқуды үйрену; әлеуметтік және азаматтық құзыреттер; бастамашылық пен іскерлік сезімі; мәдени хабардарлық [5].

Anastasia Economou Cyprus Pedagogical Institute Research Report on Transversal Skills Frameworks ATS2020 зерттеу жұмысында трансверсалды дағдылар әдетте қатты дағдыларға қарағанда жұмсақ дағдылар ретінде сипатталатын дағдыларды білдіреді. Қатты дағдылар - үйретуге болатын, сандық сипаттағы және әдетте жұмысқа қатысты болса арнайы білімді қамтиды. Жұмсақ дағдыларды оқыту және өлшеу (сандық анықтау) қиын, олар www.ats2020.eu адамның құзыреттілігімен байланысты және тұлғалық-әлеуметтік өзара әрекеттесуге жатады [6].

Monica Tilea, Jon Freyr Johansson, Patrick Murphy (editors) «TRANSMOD Transversal Skills Development in Modern Teaching Practice»

зерттеу жұмысының нәтижелеріне сүйенсек, трансверсалды дағдыларды студенттер бір қарағанда өте өзекті деп санамауы мүмкін. Диплом алу кезінде студенттердің көпшілігі негізінен жақсы баға алуға мүдделі. Алайда, бакалавр деңгейін аяқтап, аспирантураны немесе жұмысқа орналасуды бастағанда, олар шындықпен бетпе-бет келеді. Мысалы, PhD білім алушыларынан өздері дайындалып жатқан сала бойынша арнайы құзыреттер ғана талап етілмейді. Сонымен қатар, олар адекватты зерттеулер жүргізе алуы керек (тиісті дереккөздерді табу, идеяларды шығарып алу және өңдеу), ақпаратты өз көзқарастары арқылы сүзгілеу (сыни тұрғыдан ойлау), өз идеялары мен тұжырымдамаларын шығару (шығармашылық). Бұл PhD докторанттарына белгілі бір саладағы білімі мен тәжірибесімен әрі қарай жүруге мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын дамыту керек екенін білдіреді [7].

D. Goggin, I. Sheridan, «Towards the Identification and Assessment of Transversal Skills» зерттеулеріне сүйенсек, қазіргі уақытта дағдылар мен құзыреттердің мәні туралы халықаралық консенсус жоқтың қасы. Дағдылар мен құзыреттердің анықтамалары Еуропалық Комиссияның ресми құжаттарында әртүрлі болады. Үздіксіз білім алудың негізгі құзыреттері туралы ұсыныс және өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберін құру туралы ұсыныс осының дәлелі болып табылады. Бірінші ұсыныста «біліктілік» пен «дағдылар» құрамдас бөлік деп қолданылса, екіншісі «білім» жоғарыдағы екі ұғыммен бір деңгейде деп қарастырады. Трансверсалды дағдылар жұмсақ дағдыларды қамтитын жалпы дағдылар деп аталады, сонымен қатар АКТ, тілдік және когнитивтік дағдыларды (бірлесу, келіссөздер жүргізу және ақпарат алмасу сияқты) қамтиды. [8].

В.А.Кононованың «Трансверсальность: эволюция термина через призму корпусов и других контекстов» атты ғылыми жұмысында автор трансверсалды дағдылар терминінің эволюциясы XIX ғасырдағы математикалық шеңберлермен шектелген контексттерінен іздеуге тырысады. Соңғы онжылдықта «трансверсалды дағдылар (трансверсалды құзыреттілік)» термині пайда болды, және ол қазіргі заманғы білімге негізделген қоғамда сұранысқа ие жеке дағдылардың сапалық сипаттамаларын ұсыну кезінде қолданылуда деп қорытынды жасалады [9].

Түйіндейтін болсақ, еңбек нарығы қойған міндеттерді орындау үшін техникалық құзыреттіліктер жеткіліксіз. Қоршаған ортамен қарым-қатынасты, іскерлік қатынасты және мәселелерді шығармашылықпен шешу қабілетін қалыптастыруға көмектесетін трансверсалды құзыреттіліктерді дамыту заман талабы десек болады. Цифрлық ортаның мүмкіндіктері трансверсалды құзыреттіліктері қалыптасқан болашақ мамандарды даярлауға қолайлы жағдай туғызады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.– [Электронды ресурс] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
2. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауы (1.09.2020).– [Электронды ресурс]. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakstan-halkyna-zholdauy
3. Трудности и перспективы цифровой трансформации образования / под. ред. А.Ю.Уварова, И.Д.Фрумина. – Москва: Изд.дом Высшей школы экономики, 2019. – 344 с.
4. Асылбекова М.П., Сейітқазы П.Б., Отарова Т.Н. Әлемдік білім беру кеңістігінде трансверсалды дағдының қалыптасу жағдайы // Сборник материалов международной научно-практической конференции «Педагогическое образование в 21 веке: приоритеты и поиски», посвященной памяти профессора А.А.Молдажановой. – Астана, 2022. - 46-54 с.
5. Maciej Szafranski., Marek Golinski (editors). The acceleration of development of transversal competences / Centria University of Applied Sciences 2017.–210p. <https://www.theseus.fi/bitstream/handle/10024/132425/978-952-7173-26-8.pdf?sequence=1>
6. Anastasia Economou Cyprus Pedagogical Institute Research Report on Transversal Skills Frameworks ATS2020 / Assessment of Transversal Skills 2020 <http://www.ats2020.eu/>
7. Monica Tilea, Jon Freyr Johansson, Patrick Murphy (editors). TRANSMOD Transversal Skills Development in Modern Teaching Practice / <http://proiecte.ucv.ro/transmod/>
8. D. Goggin, I. Sheridan Towards the Identification and Assessment of Transversal Skills / 13th International Technology, Education and Development Conference, 2019. <https://library.iated.org/view/GOGGIN2019TOW>
9. Кононова В.А. Трансверсальность: эволюция термина через призму корпусов и других контекстов / Вестник пермского университета. российская и зарубежная филология, 2020. -34-42 с.

Borambaeva K.S., Kasymova A.A.
**METHODOLOGICAL ORIENTATION
IN THE PROCESS OF WORKING WITH A SCHOOL SONG AT
MUSIC LESSONS**

Борамбаева К.С., Касымова А.А.
**МУЗЫКА САБАҒЫНДА МЕКТЕП ӘНІМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ
БАРЫСЫНДАҒЫ ӘДІСТЕМЕЛІК БАҒЫТ**

Шығармашылықпен айналысатын музыка пәнінің мұғалімдері әркім қол жеткізе алатын, қызықты да әсерлі, шәкірттерге де ұстаздарға да қуаныш әкелетін ән-күйдің репертуарын үнемі жанартып отыруды қажетсінеді.

Өлеңмен таныстыру әдетте ұстаздың өзінің көрсетуінен басталады, оның мақсаты – ұсынылатын өлеңге балаларды қызықтыру. Көрсету дегеніміз ұстаздың қысқаша ғана кіріспе әңгімесі, одан кейін әнді ұстаздың өзінің әсерлі түрде орындауы. Ұстаз әнді шәкірттерге ұнайтындай етіп орындауы керек. Әнді жаттау - сөйлемдерді жаттау арқылы, баяу екпінмен жүргізіледі. Сөйлемді көрсете отырып, ұстаз оның әуенінің мазмұны мен екпіндік суретіне назар аударады. Жаттау кезінде мұғалім балаларға мәтінді ұғынып, анық айтуына қол жеткізуге тырысып, түсініксіз сөздердің мағынасын түсіндіреді. Педагог әнді жаттау кезінде «жаңғырық», «тізбек бойынша», «сурет бойынша өлең айту», (бұл тәсілдердің бәрі оқушыларға мәтінді игеруге көмектеседі), «а капелла» тәсілімен айту (мұғалім балалардың дауыс ырғағының тазалығын естігісі келгенде), «өлеңді ішінен айту» әуен қозғалысын қолмен көрсетіп, мәтінді сыбырлап айту арқылы және т.б. түрлі әдістемелік тәсілдерді қолдануы керек. Егер өлең шумақ түрінде жазылған болса, онда оны жаттауды қайырмасынан бастаған дұрыс. Бастауыш мектептің балаларымен жұмыс істегенде, сүйелдемелеуі әуенді қайталайтын шығармаларды қолданған дұрыс. Бастауыш мектеп балаларының еркін зейінінің жеткіліксіздігінен сабақта бір шығармамен емес, аз дегенде өзгешелігі қарама-қайшы екі шығармамен жұмыс істеу керек, әрі балалардың зейінін арттыру үшін міндетті түрде сабақ жүріп жатқанда әрекет түрін алмастыру керек. Егер балалар өлеңді бұрын естіген, бірақ сөзін толық білмейтін, немесе мүлдем білмейтін болса, немесе оқытушы оқушылардың белгісіз материалды үйрену нәтижесінде біртіндеп өздеріне қызықты музыканы «ашқанын» қаласа, өлеңді жаттауды алдынала көрсетусіз бастауға болатын жағдайлар болады. Өлеңмен жұмыс істеген кезде, мұғалімнің сүйемелдеуі балалардың дауыстарын басып тастамауы өте маңызды. А капелламен өлең айту орындаушылардың дауыс ырғағының тазалығын естуге және бала жүрегінің тереңіне үңіліп, олардың өлең айтуының шынайылығын көруге көмектеседі. Мектеп өлеңдерімен

жұмыс істеу – көп жоспарлы үдеріс. Сазгердің көркемдік ойының орындалуын жүзеге асыру үшін, музыка мұғаліміне, сыныпты өзінің еркіне бағындыра білу мақсатында репетициялық процесті игеруден басқа, орасан зор әрі көп еңбек сіңіруді талап ететін алдын алу жұмыстарын, атап айтқанда: өлеңнің эмоциялы-мәндік мағынасын анықтауы, оқу-тәрбиелік мақсатын қоюы, өлеңді жаттау кезінде пайда болатын қиындықтарды анықтауы, оның орындалу жоспарын, сондай-ақ дайындық жоспарын жасауы, өлеңнің материалына дауыс жаттығуларын дайындауы керек. Бұның бәрі музыка мұғалімінің алдын-ала дайындық жұмыстары.

Әнді оқушылармен жаттаудың, дайындығы бар үлкендер аудиториясымен жаттаудан едәуір айырмашылығы бар. Мектепте мұғалімге балалардың музыкалық қабілеттері мен дауыс аппараттарының дамымауымен, олардың өлең айта алмауымен байланысты қиындықтарды жеңуіне тура келеді. Осыған қарамай, оқушылар аудиториясымен жұмыс істегенде, үн шығару сапасына, мүсінділікке, орындаудың айқындылығына қол жеткізу міндеттен алынбайды. Мектепте мұғалім алдына, өлең айтуды үйрету, дем алу, дыбысты құрастыру, шағын диапазонда интонациялық дұрыс айту, көбінесе сатылы қозғалыспен, жүйемен, дыбысты созу сияқты оқу міндеттерін ғана емес, балаларға өлеңді мәнерлеп айту, олардың музыкалық естуі мен жадын дамыту, музыка мен ән айтуды сүю сияқты педагогикалық міндеттерді де қояды. Вокалдық машық кешенді құрастырылады, алайда үн шығарудың барлық кемшіліктеріне бірден назар аудару мүмкін емес. Педагогикалық міндеттерді анықтағаннан кейін, оқушылардың музыкалық және ән айту мүмкіндіктерін талдаудың негізінде мұғалім, жүйелі түрде оқу міндеттерін құрастырады. Міндеттердің дұрыс қойылғанының нысанасы, балалардың ән айтуға деген көзқарастары болып табылады. Балалардың зейіні мен қызығушылығының азаюы, өлең жаттаудың мазмұны мен әдістерін өзгертудің қажеттігін білдіреді.

Мектеп өлеңдерін жаттаудың тәсілдері әр түрлі, бұнда тек қана үдерістің басты сәттерін жүйеге келтіруге болады:

- 1) педагогтың қысқа кіріспе сөзі;
- 2) ұстаздың өлеңді орындауы (көрсетуі);
- 3) ән туралы балалармен әңгіме;
- 4) өлеңнің ақындық мәтінін оқу;
- 5) өлеңді жаттау (дайындық жоспары).

Өлеңді жаттауды үш кезеңге бөлуге болады: бірінші шумақты таныстыру және игеру, өлеңнің бәрін жаттау, пысықтау және әнді мәнерлеп орындау.

Өлеңді таңдау маңызды. Бірінші кезеңде мектеп өлеңдері келесі талаптарға сай келуі: а) түрі - өте қысқа, бір кезеңнен көп емес; б)

әуені - әйгілі, сазды, сарынды; в) ырғағы - өте қарапайым, алмасуы 2 - 3 ұзақтық түрінен аспағаны; г) дауыс басқаруы - айқын, табиғи, диатоникалық түр құрылымымен; д) дауыс партияларының диапазоны октавадан аспауы керек. Бұл талаптарға әсіресе жоғары көркемдік құндылықтары бар және балалар тез игеріп алатын халық әндері сай келеді. Егер өлең балаларға ұнаса, оны жаттау да оңай болады, сондықтан да таңдағанда сазды, көңілді, оңай еске сақталатын, мәтіні қызықты өлеңдерді таңдау керек.

Ұстаздың алға қойған мақсатындағы қиындықтардың біртіндеп өсуі, жұмысқа күрделірек және де өзінің әуенімен әрі мәтінімен балаларға ұнайтын өлеңдердің қосылуына сай келуін есепке алу керек. Бұл мектептегі сабақта ән айтумен әуестенушіліктің жағдайын қамтамасыз етеді.

Қысқаша кіріспе сөзде мұғалім балаларға өлеңнің атын, оны кім жазғанын хабарлауы тиіс. Өлеңнің сипаттамасына байланысты оның мазмұны туралы шамалы әңгімелеу керек. Түсініктемелер қысқа әрі бейнелі түрде берілуі тиіс, сонда олар мақсатқа тез жеткізеді.

Көрсетуді мұғалім: «Қазір біз жаттайтын өлеңді тыңдаңдар» деген сөзден бастағаны дұрыс. Мұғалімнің өлеңді көрсетуіне қойылатын негізгі талаптар: өлеңді айтқаннан сүйемелдеуі, бір нюансқа ақырынырақ болуы керек, сонда өлеңнің сөзі түсінікті болады. Сүйемелдегенде және өлең айтқанда қателесуге, тоқтап қалуға, сөзін білмей қалуға болмайды. Ән жақсылап жатталып, әсерлене, дұрыс дикциямен, нюанс, агогика бойынша мұғалімнің түсіндіруіне сәйкес, мәнерлеп орындалуы тиіс. Ән фортепианомен сүйемелделгенде, биязы, беймазаламай, әуеннің күрделі секірмелері немесе ырғақ ойнақылығы көбірек айқындалып ойналуы тиіс. Әнді көрсеткенде мұғалім оқушыларға қарап тұруы керек. Әннің орындалуы, жалпы алып қарағанда, айқын, әсер ететін көркем бейне құруы керек. Сонда ғана балалар тыңдаған өлеңді жаттауға ниеттенеді. Мұғалімнің ән айтуы баланың ән айтуына сәйкес, дыбыс сипаттамасы бойынша жеңіл және ұяң, дауыс ырғағы дәл, ырғағы бойынша айқын, баса айтуы байыпты болуы қажет. Егер өлеңді айтып көрсеткенде ол оқушыларға жеткілікті түрде әсер қалдырмаса, онда өлеңмен жұмыс табысты бола қоймас.

Музыка мұғалімінің жұмысындағы маңызды сәт - *ән туралы әңгіме*. Ол, музыка авторларының басқа да шығармаларымен және әннің ақындық мәтінімен таныстыруды, әннің эмоциялық-мәндік мазмұнын талдауды, қосымша құралдарды пайдалануды, балалардың қиялына жүгінуді қажет ететін оқушылардың жас ерекшеліктерін есепке ала отырып жасалуы керек.

Сабақта өлең жаттау әдетте мұғалімнің оны қайталап орындауынан басталады. Өлеңге дайындық жұмысын жүргізу кезінде

оқулық-рөлдік ойындар мен оқулық тапсырмалар, сөйлемдер бойынша жаттау қолданылады. Жұмыстың осы кезеңінде оқытушыға балалардың назарын өлең әуенін жоғары үнді интонациялаудың дұрыстығына, ырғақ айқындығына, ән айтқандағы дем шығару мен үн құрастырудың дұрыстығына, серпіні мен мұқамына аудару керек. Халық әндеріндегі күрделі емес бір дауысты бастамаларды сөйлемдерге бөлмей толық жаттау керек.

Өлең жаттағандағы қойылатын оқу талаптарының үлгі мысалдары:

«өлеңнің бірінші шумағын, бірінші сөйлемін тыңдаңдар»;

«фразаның музыкалық аспаптағы үнін тыңдаңдар», мұғалім ән айтқаннан кейін;

«фраза кімнің есінде қалды, "ле"буынына қосылыңдар.....»;

«"ле" буынына қосылып айтамыз»;

«әуеннің бағытын қолмен көрсетіңдер»;

«бір адам сияқты айтамыз» (мақсат – қосылып айтуға қол жеткізу);

«әуенді дәл интонациялап "та" буынына қосылыңдар»;

«баяу сөздерімен айтамыз»;

«екінші жолды тыңдаңдар, алдыңғысына ұқсастығы бар ма екенін анықтаңдар»;

«ерінді сүйірлеп, демді мұрын арқылы аламыз» және т.б.

Ән айтудың талаптары тұрақты өзгеріп отырғандықтан, әуенді қайталай берген балаларды жалықтырмайды. Тапсырманы бергенде мұғалім өте қысқа айтуы керек. Оның әрбір берген тапсырмасы – белсенді талдау жасаудың нәтижесі. Ол үн шығаруды талдайды, оның кемшіліктерін анықтайды, бірінші кезекте нені жою керегін таңдайды, қадай әдіспен жою керегін шешеді.

Екінші жол бірінші жол сияқты жатталады, сосын екі жол қосылады. Келесі жолдар жатталады және алғашқыларға қосылады. Одан соң бірінші шумақ толық орындалады. Әдетте қиын жатталатыны бірінші жол, әрі қарай оқушылар әуенді жылдам есте сақтайды. Жатталған бірінші шумақты пысықтау үшін, оны 2-3 рет қайталау, сыныптастардың бір қатарының, сосын келесі қатарының қалай айтқанын тыңдау керек. Бұл уақытта оқушылардың бір бөлігі басқаларының айтқандарын бағалайды. Сабәк кезінде оқушылардың бәрінің жұмыс істегендері дұрыс, әсіресе әнді нашар айтатындар.

Сосын екінші шумақ жатталады. Шумақтың мәтінін бәрі бірге мәнерлеп оқиды, сосын өлеңді екі жолды бірге қосып айтады және оны 3-4 рет қайталайды. Бұл жағдайда мұғалім ән айтудағы дем шығарудың дұрыстығына, ауыздың дөңгелек қалыбына және бірыңғай

дыбыс басқаруға қол жеткізеді. Енді жұмыс өлеңді жаттау ғана емес, оның сапасына қол жеткізуге қарай жүргізіледі.

Әдетте бір туындымен жұмыс әлденеше сабаққа бөлінеді: бірінші сабақта оқушылар өлеңмен танысып, бірінші шумағын жаттайды, екіншіде – бірінші шумақты қайталап, келесі шумақтардың мәтіндерін жаттайды, үшіншіде – мұғаліммен бірге орындау жоспарын құрастырады.

Бастауыш мектеп оқушыларының еркін зейінінің жеткіліксіздігінен (әсіресе І-ші және ІІ-ші сыныптар) әрбір сабақта бір шығармамен емес, аз дегенде өзгешелігі мен қиындығы қарама-қайшы екі шығармамен жұмыс істеу керек. Мысалы, өлеңдердің біреуі алдыңғы сабақтардан таныс болса, екіншісі жаңа өлең; егер біріншісі – сипаттамасы бойынша – ойнақы, болса, екіншісі – байыпты және баязы болуы мүмкін және т.б.

Сүйемелдеуі әуенді қайталамайтын, оны тек үйлесімді қолдайтын өлеңдермен жұмыс істеу, күрделірек болып есептеледі. Осындай өлеңдерге жүгіну, өлеңді екі дауыспен айтуға оқушыларды дайындауға көмектеседі. Бұл жағдайда балаларға дауыс пен сүйемелдеудің үйлесуін тындауды үйрету маңызды.

Сүйемелдеуді керек етпейтін туындылармен жұмыс істегенде балаларды алдын ала дайындаған пайдалы (мұғалім бірінші дыбысты айтады, балалар оны ұзақ тындап, қосылып қайталайды), фермата (кідіру) мұғалімнің көрсетуі бойынша жеке дыбыстарда қолданады.

Мектепте айтылатын өлеңдерді жаттау кезінде пайда болатын мәселелердің алдын алу мүмкін емес. Күнделікті практикалық жұмыста көптеген мәселелер туындайды, оған жауапты музыка мұғалімі нақты жағдайды есепке ала отырып, өзі іздеп табуы керек.

Әдебиеттер:

1. Ән сабағы. Учебно-методическое пособие для начальных классов казахских школ. /в сопровождении баяна/. – Алматы: Өнер, 1997
2. Музыка хрестоматиясы 1 класс. Құрастырған Р.Жәрдемалиева, Г.Қарамолдаева, А.Исағұлова. – Алматы, «Өнер», 1986.
3. Музыка хрестоматиясы 3 класс. Құрастырған А.Исағұлова, А.Бәйментаева, Д.Атаханова. ҚазақССР халыққа білім беру министрлігінің коллегиясы бекіткен – Алматы, «Өнер», 1990.
4. Музыка хрестоматиясы 4 класс. Құрастырған Г.Қарамолдаева. – Алматы, «Өнер», 1981.
5. Кабалевский Д.. Каждый класс – хор. Музыка. М. Просвещение. 1985 г.
6. Попов В.. Школа хорового пения. Музыка. М. 1973 г.

BASIC PRINCIPLES OF STAGE SKILLS IN ACADEMIC SINGING

Амин И.И.,

Абдинуров А. К., өнертану кандидаты

АКАДЕМИЯЛЫҚ ӘН ОРЫНДАУДАҒЫ САХНА ШЕБЕРЛІГІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ


Академиялық вокал орындауды үйретудің басты мақсаты – вокалды орындау мәдениетін қалыптастыру, классикалық жанрлардың музыкасы арқылы жас әншілерді көркем образдарды қабылдауға және таратуға дайын болуға тәрбиелеу. Осы мақсат аясында ән орындаушылардың сахна мәдениетін игеру міндеті және эмоциялар, сахнадағы еркіндікті сезіну өте маңызды. Бұл сахнада өнер көрсетудің негізгі міндетін жүзеге асыруға ықпал ететін ән орындаушысының мінез-құлық шаралары мен психологиялық көзқарастарының жиынтығын білдіреді. Өкінішке орай, вокалды оқыту тәжірибесінде мұғалімдер көбінесе дауысты шығаруға, вокалдық техниканы дамытуға басымдық береді, бірақ вокалды оқытудың маңызды компоненттерінің бірі – ән айтуға жеткілікті назар аудармайды. Бұл орындалған шығарманың мазмұнына сәйкес келетін, эстетикалық тұрғыдан тексерілген, тыңдаушымен толыққанды көркемдік қарым-қатынасқа бағытталған сахналық ән айтуға білімалушының дайындығын қалыптастыру процесінің ұйымдастырылмауында, әдістемелік тұрғыдан ескерілмеуінде көрінеді.

Музыкалық шығармада абстрактілі және нақты ойлау, логика мен түйсігі, шығармашылық қиял, белсенділік, тез шешім қабылдау қабілеті бар эмоционалды жауаптылықтың синтезі жетекші рөл атқарады. Көптеген педагогикалық практиктер балалар шығармашылығының тәрбиелік маңыздылығын көрсетеді. Б.Л.Яворский [7, 76] оқушының музыкалық шығармашылығының тәрбиелік мәні ең алдымен процестің өзінде көрінеді деп санайды, өйткені бұл мұғалімге оқушының музыкалық ойының барысын байқауға мүмкіндік береді. Б.В.Асафьев [1, 86] шығармашылық музыкалық материалды тереңірек игеруге және оқушылардың музыкалық қабілетін дамытуға ықпал етеді деп жазды. Б.М.Теплов [6, 86] білім беру кезеңінде өнерге деген көзқарастың негізі қаланған кезде шығармашылықтың маңыздылығына назар аударды. Н.А.Ветлугина [4] шығармашылық-әлемді бейнелі көру қабілетін дамытудың маңызды шарты және құралы. Көптеген мұғалімдер мен психологтардың пікірінше, дәл осы байланыс оқушылардың белсенді шығармашылық дамуын қамтамасыз ететін негіз болып табылады. Ән

орындаушылық музыкалық іс-әрекеттің дағдыларын игергеннен кейін ғана ол музыкалық шығармашылықтың белгілі бір түрінде өзін айқын, тікелей білдіре алады.

Кесте 1

Ән айту кезіндегі дайындық барысының негізгі ерекшеліктері



Бұл (кесте 1) жалпы ән айту кезіндегі дайындық барысының негізгі ерекшеліктерін көрсетеді.

Сахнаға шыққан кезде кейбір музыканттардың мазасыздығы кез-келген стресстік жағдайға тән ағзадағы өзгерістермен бірге жүреді. Сахнаға әрбір шығу-әртістің одан әрі шығармашылық өсуін ынталандыратын жауапты актісі болып табылатын қарқынды шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Ән орындаушысының табиғатының әртүрлі қасиеттері – ерік, ақыл, терең эмоциялар, шығармашылық қиял – мұның бәрі белгілі бір дәрежеде көпшілік алдында сөйлеу кезінде көрінеді.

Орындаушылардың эмоционалды жауаптылығын дамыту бойынша жұмыстың әртүрлі кезеңдерінде оқытудың әртүрлі әдістерінің жиынтығын қолданған жөн: визуалды, ауызша, эмоционалды-бейнелі, практикалық, эмпатия әдісі. Мұғалімнің аталған әдістердің әрқайсысын қолдануы сабақтың мазмұнына да, олардың әр жағдайда тиімділік дәрежесіне де байланысты болуы керек. «Әдіс» - мақсатқа жету тәсілі, белгілі бір тәртіппен реттелген іс-әрекет [2, 56].

1. Музыкалық тәрбиедегі көрнекі әдіс бірнеше түрге ие: көрнекі – есту (мұғалімнің вокалдык шығарманы көрсетуі, аудиоматериалды тындауы және т.б.); көрнекі-визуалды (репродукцияларды, иллюстрацияларды, көрнекі-бейнелі құралдарды көрсету және т. б.); көрнекі-қимыл (қол қимылдарын пайдалану, пластикалық және қолмен интонациялау). Мұғалімнің көрсетілімі орындаушыға жұмыстың тұтас

бейнесін көруге мүмкіндік береді, белгілі бір жағымды эмоциялар тудырады, бұл оқушыны одан әрі шығармашылыққа итермелейді.

2. Ауызша әдіс-әңгімелесу, диалог және т.б. Музыкалық білім беруде бұл әдіс қажетті ақпаратты беру ретінде емес, білімалушының музыкалық өнермен рухани қарым-қатынасына бағытталған бейнелі-психологиялық көзқарас ретінде түсініледі. Яғни, музыканы ауызша түсіндіру үшін сөйлеу күнделікті емес, бейнелі болуы керек.

3. Практикалық әдіс, оны көркемдік-практикалық деп те атайды-бұл орындаушылардың шығармалардың көркемдік мәнерлілік құралдарын түсіну, бағалау және талдау қабілеттерін, сондай-ақ осы білімді практикада, атап айтқанда ән айту процесінде қолдана білуін қалыптастыру.

Музыкалық педагогикада музыкалық тілді тереңірек түсінуге бағытталған өзіндік ерекше әдістер бар:

1. Эмпатия әдісі орындаушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін жанарту арқылы музыкалық шығарманы салыстыруға және сезінуге мүмкіндік береді;

2. Вокалды тәрбиелеу процесінде салыстыру әдісін, сондай-ақ қарама-қарсы салыстыру әдісін қолдану маңызды-екі немесе одан да көп түрлі бейнелерді салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау;

3. Орындаушының шығармашылық белсенділігін, оның ассоциативті-бейнелі ойлауын белсендіру үшін музыкалық педагогикада ассоциативті салыстыру әдісі қолданылады. Түрлі-түсті метафораларға, салыстыруларға тоқтала отырып, мұғалім оқушыда белгілі бір психикалық күйлер тудырады, ондағы белгілі бір эмоционалды реакцияны табады;

4. Бұл әдіске жақын жерде оқушылардың бейнелі және ассоциативті ойлауына негізделген эмоционалды-бейнелі әдіс бар. Ән айту процесін эмоционалды түрде бейнелеу әдістері және оның терминологиялық сипаттамасы вокалды-педагогикалық практикада кең таралған. Олар әншінің дауысын қалыптастыру процесінде, вокалдық техникаға әсер етуде, сондай-ақ музыкалық және көркем экспрессивтілік құралы ретінде үлкен рөл атқарады, өйткені олар әртүрлі эмоционалды жағдайларға сүйенеді, сондықтан орындаушының эмоционалды жауаптылығын дамытуға көмектеседі. Бейне мен эмоциялар – ән айтуды үйренудің маңызды психологиялық құралы, музыкалық шығарманың мазмұнын тыңдаушыға жеткізудің негізі. Білімалушылардың вокалды педагогикасында эмоционалды-бейнелі оқыту әдістері өте қажет.

Қазіргі уақытта бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу үшін техникалық әдістердің кең ауқымы болуы керек. Эмоционалды тапсырмаларды қосу тәсілі көптеген нақты вокалды-техникалық

шешімдерді шешуде де қолданылады. «Эмоционалды оқыту әдісі» П.И. Сикур еңбегінде кездеседі [5], онда мен толығырақ тоқталғым келеді. Орындаушының міндеті – кез-келген көңіл-күйді ерікті түрде ояту. Кез-келген жағдайды оңай елестету қабілеті тиісті қиял жаттығулары арқылы дами алады. Әр түрлі эмоционалды жағдайларды есте сақтауды үйрену керек, содан кейін қиял арқылы оларды жандандырып, шығармашылық процеске қосу керек. Бұл әдістің мәні – орындаушы мәтінді айтуға және әр түрлі эмоционалды субтексті (қуаныш, қайғы, ашуланшақтық және т.б.) музыкалық тіркестерді айтуға дағдыланған. Дауыстың эмоционалды экспрессивтілігі өте жақсы дамиды, ал дауыс қалыптастыру механизмі еріксіз жақсарайды. Осы мақсатта П. Сикур әр түрлі жаттығуларды қолдануды ұсынады: дауысты дыбыстарға, буындарға ән айту, әр түрлі эмоционалды субтексті бар таныс шығармалардан жеке әуезді сөз тіркестерін айту; музыкалық фразаны нақты ұсынылған жағдайларға айту: қиял залы немесе жақын орындаушы, орындаушытер тобы (егер зал қиялға айналса, онда орындаушы жеке көрермендердің киімінің түсін, бет-әлпетін, мінез-құлқын нақты көрсетуі керек).

Академиялық ән бірлестігінде оқитын орындаушы сахнада қайта жаңғыра отырып, сахналық бейнені жасайтын суретші болуы тиіс. Оның әрекеттері сөз, ән, бет-әлпет, ым-ишара көрінеді. Мұғалімнің міндеті – оқушының сахна өнерінің негізгі заңдылықтарын білетін, өзінің ішкі аппаратын қолдана алатын және барлық музыкалық құралдарды: дұрыс, мағыналы ән айтуды, экспрессивтілікті, музыканы, пластиканы, түпкілікті әрекетке бағынатын және басқарылатын сахналық бейнені құрудың құралы ретінде өзін-өзі басқаруға үйрету. Танымал музыкант-орындаушы Д.Д.Благо [3, 2-9б] көркем образдарға деген құштарлық сахналық күйдің ерекшеліктеріне жағымды әсер етеді деп сендірді. Мәтінмен жұмыс жасау кезінде дикциямен қиындықтарды пысықтаумен қатар, әннің драмасымен жұмыс істеу маңызды. Техникалық жұмысты аяқтағаннан кейін шығармашылық жұмыспен айналысу керек. Барлық мәтінді өлең ретінде оқу керек. Олар әннің драмасын айтады. Вокалист өзі орындайтын әннің сөзін мағынасы мен сезімімен толтыра білуі керек. Әр орындаушы әрдайым және бәрінен бұрын музыканың мағынасы туралы ойлануы керек. Вокалды сөйлеудің экспрессивтілігі көптеген жағдайларға байланысты:

1) әншілердің санасын дыбыстық-айтылым актісінде, әншілік актісінде қолдану қажеттілігі;

2) орындаушылардың дыбыстық бейнені қалыптастыруға терең, ішкі бағыттылығы;

3) поэтикалық тілдің экспрессивті мүмкіндіктерін, оның дыбыстық құралдарын білу (қарапайым лингвистикалық білімдер мен түсініктердің болуы);

4) музыкада айтылатын сөздің дыбыстық сәйкестігі туралы нақты идеялар өзектендірілетін әншілік дағдыларды жүйелі және саналы түрде жаттықтыру;

5) әншінің өзін-өзі бақылау дағдысының болуы;

6) көптеген динамикалық стереотиптерді әзірлеуге негізделген психологиялық көзқарас – «дыбыс – бейне», «сөз-бейне»;

7) вокалдық шығармада мәнерлі поэтикалық тілдің болуы (орындаушының еркі мен қалауына байланысты емес объективті болмыс ретінде).

Сахналық бейне – автор ойлап тапқан және актер бейнелеген тірі адам. Егер актер макияж жасап, костюм киіп жүрсе, бұл әлі реинкарнация болмайды. Реинкарнация-бұл кейіпкердің әлемін түсіну мен енуден, онымен бірігуден басталатын ұзақ процесс. Бұл әлемге ену үшін актер осы адамның өмірін ең кішкентай бөлшектерге дейін қиялдауы керек: дәуірдің атмосферасы, ол тұратын қала, оның кәсібі, қызығушылығы, мінезі, мінез-құлқы, қимылдары, жүріс-тұрысы, дауысы, тіпті ойлар және, әрине, мінез-құлық логикасы. Нәтижесінде актер өзінің кейіпкерінің әлеміне толығымен еніп, оның атынан басқа біреудің өмірін шын жүректен өткізеді.

Сондықтан болашақ академиялық вокал орындаушыны тәрбиелеудің негізгі қағидаларының бірі – нақты экспрессивті құралдардың сабақтастығы және бір-біріне мүмкін болмаған кезде сахна өнерінің табиғат заңдылықтарын игеру. Сахнада бейнені бейнелейтін оқушының әрекеті әсіресе айқын және мінсіз болуы керек, өйткені вокализация және музыка ойнау көбінесе іс-әрекеттер үшін беріледі, осылайша сахнада жиі кездесетін қателіктердің бірі жасалады. Жалпы академиялық вокал орындаушысы үшін сахнада өзін-өзі еркін ұстау маңызды рөл ойнайды. Себебі, сахналық эмоция-толқулар ол дауысқа әсерін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Асафьев Б.В Музыкалық ағарту және білім беру туралы тандалған мақалалар. - М.: Ағарту, 1965. – 240 б.
2. Әдіс . <https://ru.wikipedia.org/wiki/әдіс>
3. Благо Д.Д. Методика работы с детским вокальным коллективом – М., 1999г.
4. Ветлугина Н.А Музыкальное воспитание. – М.: 1981 – 240с
5. Сикур П.И. Музыканы білім беру мәселесі ретінде тану: мұғалімге арналған нұсқаулық. – М., 1992. – 234 б.
6. Теплов Б.М *Психология музыкальных способностей*. М.-Л., 1947.
7. Яворский Б.Л Теория и методика музыкального воспитания: Учеб. пособие. – 2-е изд. – СПб., 2000

Juldieva O. I.

THEORETICAL AND PRACTICAL ASPECTS OF THE FORMATION OF IMPROVISATION SKILLS STUDENTS-VOCALISTS OF THE VARIETY DEPARTMENT

Джулдиева О. И.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРАКТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ НАВЫКОВ ИМПРОВИЗАЦИИ У СТУДЕНТОВ-ВОКАЛИСТОВ ЭСТРАДНОГО ОТДЕЛЕНИЯ

Джаз характеризуется как открытая динамическая система, для которой свойственен широкий диапазон стилей и жанров, оригинальная система выразительных средств с преобладанием разнообразных ритмических формул и импровизация. Импровизация (фр. *improvisation*, итал. *Improvvisione*, от лат. *Improvises* – неожиданный, внезапный) – встречающийся в ряде искусств особый вид художественного творчества, при котором произведение создается непосредственно в процессе его исполнения. К ее характерным чертам относится непосредственность высказывания и одновременно – демонстрация профессионального владения формотворческими и исполнительскими приемами [7].

Импровизация является основной формой исполнительства в джазе. Импровизационные формы характерны для многих пластов музыки, включая фольклор, тем не менее именно в джазе музыкант-импровизатор, по мнению некоторых исследователей, стоит на высоком исполнительском уровне [10].

Вокальное исполнительство занимает в джазе одно из ведущих мест: большой интерес вызывают и первые исполнители блюза, и последующие талантливые мастера новоорлеанского джаза, свинга, современного джаза. Одна из слагаемых успеха талантливого джаз-вокалиста – умелое использование импровизации.

К главным способностям, необходимым для успешного становления джаз-вокалиста, относятся музыкальная память, чувство лада и ритма, гармонический слух. На уроках специальности, сольфеджио и других музыкальных дисциплинах обучающийся учится осваивать музыкальные составляющие (мелодические, гармонические и ритмические компоненты), стремится к постижению музыкальной логики произведения, анализирует исполнительскую манеру разных вокалистов.

Специфика профессиональной подготовки джазового вокалиста заключается в необходимости изучения исторически сложившихся основных видов импровизации, комплексно изложенных в книге Ю. Кинуса [3].

Рассмотрим краткую историю развития джазовой импровизации согласно изложенным положениям Ю. Кинуса. Первый вариационный тип

импровизации характерен более для раннего классического джаза: музыканты расцвечивали основную мелодию по принципу варьирования с небольшими мелизматическими украшениями и «блюзовыми» нотами. Вот как вспоминал о джазовой музыке кларнетист Дж. Джоузеф: «В Новом Орлеане никто не знал, что такое импровизация. А вот украшательство (embellishment) было понятно всем. Мы так и делали: украшали» [3, с. 25].

Одним из первых ярких джазовых вокальных и инструментальных импровизаторов стал Луи Армстронг (1901–1971), чья исполнительская манера является эталонным примером. Одна из легенд появления так называемого скэт-приема гласит о том, что однажды музыкант записывал песню и забыл текст. В начале XX столетия звукозапись была дорогостоящей и находчивый джазмен допел фразу спонтанными слогами, пришедшими ему на ум. Так, Луи Армстронг первым голосом имитировал звучание трубы и использовал специфический прием скэт – вокализ с применением отдельных слов, слогов и звуков. Сольные выступления Луи Армстронга отличает индивидуальная манера и характерность в том числе благодаря мастерским импровизациям. Импровизация на «West&blues» и сейчас является эталонным: до сих пор не существует столь же популярной версии импровизации.

В эпоху свинга, начало которой положили 1930-е годы, на смену малым ансамблям приходят большие оркестры под управлением Дюка Эллингтона, Бенни Гудмена, Каунта Бейси, Флетчера Хендерсона, Джимми Лансфорда и других. Ведущими становится аранжировка и композиция, собственно роль импровизации солистов уменьшается, так как импровизированные фрагменты сбивали с ритма пришедших танцевать.

В противовес развлекательной музыки к 1940-м годам складывается новое направление – би-боп во главе с Чарли Паркером, Кенни Кларком и Диззи Гиллеспи. В джазовом клубе «Минтон» музыканты имели возможность экспериментировать. Главным выразительным средством стала гармония. Как вспоминал Кларк, среди прочего в музыке они использовали «необычные аккордовые последовательности и всё другое, что приходило в голову» [цит. 4: с. 50]. Усложненная гармоническая схема (по типу позднеромантической гармонии) стала новым импульсом для создания импровизации, получившей название «вертикальная».

Новый этап в развитии импровизации получила с творчеством Майлса Дэвиса, о музыке которого историк джаза Джеймс Коллиер пишет так: «Казалось, он кладёт на музыкальное полотно лишь отдельные мазки, не вырисовывая тщательно всех деталей», – писал о музыке Дэвиса историк джаза Дж. Коллиер [5, с. 306].

Музыкант отказывается от насыщенных аккордовых схем, например, в его знаменитых композициях «Milestones», «L'Assassinat de Cavala», «So What» звучат всего 2 аккорда. Однако ослабление классической функцио-

нальной системы выводит на первый план ладовую организацию. Отсюда – появление нового типа импровизации – модальной. Сам Дэвис говорил: «Я понимаю модальную форму так: идя в этом направлении, ты идёшь в бесконечность. Не нужно переживать из-за гармонических переходов... Можно сосредоточиться на музыкальной линии» [2, с. 294]. Первая модальная импровизация Дэвиса представлена в композиции «So What» с противопоставлением дорийского, блюзового и эолийского ладов.

Итак, после ознакомления обучающихся с исторически сложившимися основными типами импровизации, следует приступить собственно к практическому формированию навыков. Эту работу необходимо выстраивать от простого к сложному. Первый этап – это сочинение какой-либо музыкальной фразы, второй – сочинение нового фрагмента, третий – исключительно импровизация. Сочинение по типу «вопрос – ответ» с педагогом предлагается, например, американской певицей Джонни Митчелл. Если же вокалист имеет начальное базовое профессиональное образование, то на уроках сольфеджио этот метод должен быть ему знаком, начиная со средней музыкальной школы.

Суть метода заключается в следующем: вокалист может учиться с голоса педагога, то есть, он может не петь по нотам. Это пособие содержит аудиозапись, где начало пропеваётся автором, а затем обучающемуся предлагается самостоятельно фразу закончить. Начинать следует с коротких фраз, которые впоследствии соединяются. Если мелодия получается статичной, то можно заменить фразы до тех пор, пока импровизационная линия не понравится исполнителю. Сочетание спонтанного и продуманного пения, по мнению автора, даёт наилучший результат.

К особенностям подготовки джаз-вокалиста относится тщательное изучение стандартной формоструктуры – джазовых квадратов. Каждому обучающемуся необходимо знать формообразование квадрата и умение слышать начало каждого квадрата в импровизации, мелодическую линию самой темы и её гармоническую сетку (обязательно владение буквенно-цифровым значением аккордов в джазе), главную тональность и способы модулирования рассматриваемого произведения, лады, соответствующие для обыгрывания тех или иных видов аккордов. При анализе соло необходимо найти главный мотив и способы его развития, проанализировать также средства достижения кульминации.

Хорошим подспорьем для развития слышания квадрата станут всемирно известные записи американского издателя, педагога и джазового саксофониста Джейми Аберсолда. Фонограммы популярных джазовых стандартов в исполнении ритм-группы без изложения главной темы помогут вокалисту тренироваться исполнять тему и импровизацию.

Перед практическим освоением импровизации также важно поделиться с обучающимися базовыми знаниями о ритмической основе. К

примеру, некоторые исследователи считают, что ритмическое изменение в джазе – главная составляющая импровизации. Если сыграть классическую мелодию по законам джазового ритма, то она сразу же прозвучит «по-джазовому» и станет уже небольшим актом импровизации [11].

Эффективно представить обучающемуся возможность сочинения, где будут доминировать внутри- и междутактовые синкопы, дуоли и триоли. Желательно крупные доли делить на более мелкие – такой метод достаточно часто можно услышать в экспрессивных кульминационных разделах джазовых стандартов.

К особенностям ритма в джазе относится важнейший выразительный прием свинга (англ. swing — покачивание) – особый рисунок, где первая сильная (или третья относительно сильная) доли продлеваются, а вторая (и четвертая) – сокращаются. Обучающемуся необходимо использовать триольную пульсацию, акцентирование отдельных нот, так называемый блуждающий акцент (перенос акцента на другие группы нот), синкопирование, сознательное практически неуловимое отклонение от метра. Еще один интересный прием – небольшое замедление темпа в исполнении фразы в то время как ритмсекция «держит» прежний темп. Исторически джазовые вокалисты выступали с инструменталистами – трубочниками, кларнетистами и т.д. Новоорлеанские музыканты, как уже упоминалось ранее, варьировали мелодическую линию темы. Вокалисты голосом повторяли за инструменталистами, желая повторить их опыт, не используя текст. Заимствованные приемы у инструменталистов помогали им обрести индивидуальную манеру исполнения. И это было подвластно тем музыкантам, которые полностью «погрузились» в звучание ансамбля или же оркестра.

Поэтому, повторимся, современному джаз-вокалисту необходимо прослушивать не только выдающихся мастеров вокала, но и инструменталистов. Ускорить обучение поможет запись импровизации того или иного музыканта. Можно начать от простого к сложному: сначала обучающийся записывает небольшие фразы, затем – более протяженные и далее всю импровизационную линию. Такое внимательное изучение «живой» музыки способствует формированию ощущения специфики джаза, его специфических приемов. Подражание большим мастерам – необходимый этап и обучающемуся не стоит этого избегать. Оригинальные идеи рано или поздно найдут воплощение в деятельности вокалиста, даже если ему будет казаться, что он продолжает подражать.

Один из важнейших исполнительских приемов в джазе – указанный ранее прием скэта. В работу обучающегося обязательно включается пропевание инструментальных и вокальных соло. Желательно познакомиться вокалиста с методом американского джазового музыканта и педагога Боба Столоффа, изложенным в книге «Скэт! Техника вокаль-

ной импровизации». В пособии автор рассматривает рисунки свинга, а далее – латино и фанка. Определенные импровизационные приемы рассмотрены Кэтрин Садолин. Прием обучения вокалисов назван певицей CVT (Compleat Vocal Technique – Совершенная вокальная техника). Теоретическая часть сопровождается аудиозаписями.

Таким образом, с начала рождения джаза и по сей день импровизация для вокалиста – один из основных исполнительских средств, которая способствует украшению и даже преобразованию оригинальной мелодии, а в итоге – подчеркнуть творческую индивидуальность джаз-вокалиста.

Литература:

1. Аберсолд Дж. Искусство музыкальной импровизации. М., 2010.
2. Дэвис М. Автобиография. София-Москва, 2005.
3. Кинус Ю. Г. Импровизация и композиция в джазе. Ростов н/Д., 2008.
4. Коллиер Дж. Луи Армстронг. Американский гений. М., 2001.
5. Коллиер Дж. Становление джаза. М., 1983.
6. Корнев П. О вокальной импровизации в джазе: становление скэта // Вестник СПбГУКИ. – № 3 (16) сентябрь. – 2013. [Электронный ресурс] [https://vestnik.spbgik.ru/vestnic_jurnal/122005---22203044_2013_-_3\(16\)/0075-pdf](https://vestnik.spbgik.ru/vestnic_jurnal/122005---22203044_2013_-_3(16)/0075-pdf).
7. Музыкальная энциклопедия. [Электронный ресурс] URL: <http://www.musenc.ru/html/i/improvizaci8.html>
8. Никитин А. А. Импровизация как метод обучения начинающих пианистов: автореф. дис. канд. искусств. Хабаровск, 1981.
9. Степурко О. М. Скэт-импровизация. Учебник импровизации для вокалистов. М., 2006.
10. Шулин В. Искусство импровизации в джазе последней трети XX столетия: к проблеме звукоидеала: дис. канд. иск. СПб., 2007.
11. Bohlander C., Holler K. – H. Jazztuhler. Leipzig, 1980

Kryazheskikh Olga

**TO HONOUR THE MEMORY OF THE TEACHER.
TO THE 70-TH ANNIVERSARY OF KUZHAMKULOVA S.K.**

Кряжевских О.О.

ПАМЯТИ УЧИТЕЛЯ. К 70-ЛЕТИЮ КУЖАМКУЛОВОЙ С.К.

Сегодня, накануне 25-летнего юбилея Казахского национального университета искусств, оглядываясь назад, мы оцениваем те результаты, которых достиг университет за эти четверть века. Взгляд через призму изучения деятельности тех педагогов, которые стояли у его истоков, позволяет нам «разглядеть» историю нашего университета в ее мельчайших деталях, и, так сказать, в лицах. Написание этой статьи приурочено не только к юбилею нашей Alma mater, но и к 70-летию

замечательного педагога Кужамкуловой С.К. Наряду с первым проректором университета - инициатором создания кафедры хорового дирижирования в КазНАМ проф. Лебедевым И.Б., первой заведующей проф. Кутгыбадамовой Г.К., доц. Мурзалиной Г.М., Сабира Куанышбековна образовала тот костяк кафедры, который и сформировал ее облик на довольно долгие годы. Безусловно, каждый из педагогов внес свою особую лепту в это общее дело и деятельность каждого из них заслуживает тщательного изучения и освещения, и в этой статье мы постараемся осветить деятельность одного из них – Кужамкуловой Сабиры Куанышбековны.

Сабира Куанышбековна родилась 19 декабря 1952 года в городе Алма-Ате. Получила прекрасное образование по специальности хоровое дирижирование в стенах РССМШИ для одаренных детей им. К.Байсеитовой (1960-1971гг.), АГК им. Курмангазы (1971-1976гг.), МГК им П.И.Чайковского (1976-1978гг.). Свою трудовую деятельность она начала в Казахской государственной филармонии им. Жамбыла в качестве музыкального редактора, где проработала с 1978 по 1981 годы, а затем - в 1981 году - пришла на кафедру хорового дирижирования Алматинской консерватории, где проработала 18 лет (вплоть до 1999 года). Годы работы в консерватории явились годами становления Сабиры Куанышбековны как педагога. Работая на одной кафедре как с выдающимися корифеями хорового искусства Казахстана, так и с просто с замечательными педагогами-хоровиками, Сабира Куанышбековна приобрела бесценные знания и опыт. За свою педагогическую деятельность в стенах консерватории Сабира Куанышбековна подготовила около 20 выпускников, среди которых преподаватель (ранее руководитель хорового класса) Семипалатинского музыкального колледжа им. М. Тулебаева - Распеков Б., преподаватель (ранее зав. отделением хорового дирижирования) Кокшетауского музыкального колледжа им. Биржана - Тараброва С., в разные годы солист НТОБ им. К. Байсеитовой и ГТОиБ Астана опера - Тапин Ж. и другие.

В целом все произведения К. О. Муссера написаны с расчётом на обладание исполнителем высокой маневренности, предполагающей быструю изменчивость в позиционировании тела по отношению к инструменту. «Технические требования, выдвигаемые композициями К. Муссера способствовали появлению новых методических стандартов

для обучающихся на звуковысотных клавишных ударных инструментах» [цит. по: 5, с. 102].

В числе произведений, созданных специально для маримбы в период ее признания, этапными стали «Сюита» № 1 Е. Ульриха и «Мираж» Б. Роджерса. Оба произведения прозвучали на премьерном исполнении в «Town Hall» (г. Нью-Йорк), были очень тепло встречены критикой и публикой. Оба произведения содержали новые приемы игры, также в дальнейшем ставшие обязательными для технического оснащения последующего поколения маримбистов.

Например, в сюите У. Ульриха в первой и третьей части необходимо играть двумя палками, но в третьей части, стилизованной под звучание церковного хора, исполнитель должен использовать четыре палки с не использованным ранее обозначениемигровой точки нанесения ударов палками: «на место прохождения соединительного шнура» или «постепенного перехода от края к центру пластины».

Второе произведение («Мираж»), прозвучавшее в «Town Hall», написано Б. Роджерсом, который ранее слышал виртуозную игру Ченаут. Профессор Роджерс преподавал композицию в знаменитой Истменскоц школе музыки Рочестерского университета (США, штат Нью-Йорк). Для композитора это было первое обращение к маримбе как солирующему инструменту и он вводит в «Мираж» тремоло четырьмя палками, делая в нотном тексте пометку *tremolando ad lib throughout*.

Воспитывая молодых маримбистов, К. Муссер инициировал первый Национальный маримбный конкурс в США, который прошел в штате Иллинойс и привлек более 100 маримбистов из разных городов страны. Победительницей конкурса стала В. Ченаут. Впоследствии она выступала в составе оркестра своего преподавателя.

В. Ченаут стремилась выступать solo. Ее концерты с произведениями И. Баха вызвали немалый интерес: маримбистка играла оригинальные сочинения, а не переложения. Она также инициировала композиторов на создание новых сочинений для маримбы. Е. Ульрих сочинил для ее концерта Сюиту № 1, Б. Роджерс – «Мираж». Авторы ввели в свои произведения некоторые указания, которые касались исполнительских приемов игре на маримбе благодаря В. Ченаут.

В. Ченаут выступала solo и в составе различных оркестров. Ей также принадлежит заслуга первой студийной записи сочинений для маримбы на фирме «Epic Records».

Для истории становления исполнительства на маримбе важна ее учеба в Сан-Карлосе в Гватемале, где инструмент является народным и чрезвычайно популярным. Научным объектом музыканта стала история становления маримбы и ее гватемальские исполнители. Преодолевая сложности, В. Ченаут крупница за крупницей в прямом смысле

добывала полезную информацию: «Многие поездки, связанные с поиском арочных тыква-маримб были безрезультативными. Это большая удача увидеть и услышать этнические маримбы, так как они используются на определенных праздниках, которые происходят нерегулярно, а индейцы, которые играют на тыква-маримбах практикуются на них только ночью, и то не каждый день» [цит. по: 5, с. 107]. Но результатом исследовательской работы исполнительницы стала книга «The marimbas of Guatemala».

Замечательный вклад Виды Ченауэт в истории развития и репертуарного расширения маримбы состоит еще и в том, что она явилась первой исследовательницей истории конструкции инструмента. Этот вклад В. Ченауэт был высоко оценен общественностью: она была введена в Зал славы «Percussive Arts Society» и выбрана как выдающийся музыкант XX столетия Международным биографическим центром Кембриджа (всего центром выбрано 2000 музыкантов из всего мира).

Маэстро и далее продолжила работу по популяризации инструмента, подготовив к изданию несколько сборников из произведений для игры соло на маримбе четырьмя палками и произведениям в сопровождении фортепиано, в составе камерного ансамбля, а также сделал самостоятельные переложения из произведений И. Баха. Огромные усилия Виды Чинауэт общепризнаны и достойно оценены как музыкантами, так научным сообществом: в 1974 году ей присвоили степень PhD в этномузыковедении и звание профессора Оклендского университета.

Для истории становления исполнительства на звуковысотных ударных инструментах важна роль Гэри Бертона, джазового корифея-исполнителя. Деятельность Г. Бертона включает и педагогическую сферу. Впоследствии некоторые его ученики стали профессорами ведущих музыкальных вузов: Жасмин Колберг в «Mannheim University of Music and Performing Arts», а Ши-Е Ву – в «Northwestern University Music Academy».

Яркой личностью в истории исполнительства на маримбе стал Ли Ховард Стивенс, которого называют революционером. Музыкант инициировал появление новых композиций для маримбы, представив более 30 премьер, в числе которых «Grand fantasy» Раймонда Хэльбле и «Variations of lost love» Дэвида Масланки. Новаторские поиски музыкант отразил в методической книге «Method of movement for marimba».

С целью издания нотной и методической литературы, посвященной этому инструменту, он создал музыкальное издательство «Marimba Productions». В методику обучения игре на маримбе он вводит новые термины и понятия, которые получили широкое распространение в педагогической практике в тех странах, где имеется высокий интерес к маримбе.

В конце 1990-х годов Л. Стивенс был одним из организаторов конкурса для маримбы соло. Победители конкурса – ныне всемирно признанные музыканты Ши-Е Ву из Тайваня и Эрик Саммут (Франция).

Привлекала Л. Стивенса и конструкторская деятельность. Он получил девять патентов за свои творческие поиски по усовершенствованию маримбы. Благодаря им появились новые виды палок: длинные из березы (ранее изготавливали из ротанга, стекловолокна, нейлона с определенными стежками на головке палки).

Исполнительское искусство игры на маримбе будет неполным без освещения становления школы в богатой музыкальными традициями Японии. Японские музыканты, также, как и американские, повлияли на весомость инструмента в мире.

В довоенный период звуковысотные ударные клавишные инструменты были привезены в страну военными музыкантами. Следует отметить деятельность ксилофонистов Еши Хираока, Эйити Асабуки. Последний организовал большое сообщество «Токийская ассоциация ксилофонистов» (позднее – «Японская ассоциация ксилофонистов») с численностью более 5000 музыкантов. Еще большей популярности ксилофона способствовало появление преподавания игре на инструменте в общеобразовательных школах.

Таким образом, появление маримбы в 1950-е годы, другого инструмента из семейства звуковысотных ударных клавишных инструментов, было уже подготовлено достаточно высокой популярностью ксилофона в Японии. Э. Асабуки вновь поспособствовал популярности маримбы, отдавая много времени и педагогической работе. В числе его учеников – Кейко Абе (род. 1937). Ее творчество синтезировало достижения западноевропейской и восточной музыкальных культур. Тонкая и мастерская игра исполнительницы получило всемирное признание.

Особый тембр и известная исполнительская виртуозность позволили маримбе получить достойный статус и обрести внимание со стороны композиторов, исполнителей, педагогической практики.

Литература:

1. Михайленко А.Г. Современная книга о маримбе. Новосибирск, 2006.
2. Пекарский М. И. Биография и география барабана. – Музыкальная жизнь. – 1973. – № 9 – С. 18–19.
3. Рало А. А. Эволюция сольного исполнительства на ксилофоне, маримбе, вибрафоне. ... Дисс. канд. иск. Ростов-на-Дону, 2016. 557 с.
4. Chenoweth V. The marimbas of Guatemala. – USA: The University of Kentucky Press, 1974. – 109 p.
5. David Via K. Interview with Abe Keiko. Percussive Notes, Vol. 29, 1991 № 6, pp. 11–13.

СЕКЦИЯ III

ТЕАТР ЖӘНЕ КӨРЕРМЕНДІК-САХНАЛЫҚ ӨНЕР. ТЕАТР И ЗРЕЛИЩНО-СЦЕНИЧЕСКИЕ ИСКУССТВА

Arystanov Azamat, Yeskendirov Nartay

"БОПАЙ ХАНЫМ" BY ROZA MUKANOVA IS THE IMAGE OF «БОПАЙ» IN THE HISTORICAL TRAGIC IN PERFORMANCES

Арыстанов Азамат, Ескендиоров Нартай, PhD доктор

РОЗА МҰҚАНОВАНЫҢ «БОПАЙ ХАНЫМ» ТАРИХИ ТРАГЕДИЯЛЫҚ СПЕКТАКЛЬДЕГІ «БОПАЙ» БЕЙНЕСІ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналып жасалған «Бопай ханым» спектаклінің премьерасы елордалық көрермендердің қызығушылығын арттырды, өйткені ұлттық театр өнерінің тарихында тұңғыш рет, сол ұлттық театр өнерінің тарихын ашатын ауқымды тарихи қойылым пайда болды. Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанованың шығармасы негізінде қойылған тарихи трагедия жанрындағы монументалды қойылым көрермендерге Бопайдың қиын тағдырын баяндады. Ол хан тағының мұрагерлерінің әйелі мен анасы ғана емес, Әбілқайырдың тең билеушісі, оның ақылды кеңесшісі, сенімді тірегі болды. Қазақ хандығының ішкі және сыртқы мемлекеттік саясатын айқындайтын мәселелерді шешуде Бопай ханымның өзі халық жиналыстарында сөз сөйледі. Әбілқайыр өлгеннен кейінгі халықтың тағдыры Бопайдың мойнына түсті.

Бопай ханым бейнесі – ол әуелі әйел, және әйел ретінде қадір-қасиетін жоғары бағалайтын, отбасына деген қайсар қамқорлығы мен сүйіспеншілігін көрсететін нағыз әйел. Ол сондай-ақ өзінің табандылығымен, даналығымен, мейірімділігімен ерекшеленеді. Қайсарлы және табанды әйел - сәтсіздікті қабылдамайтын және ешқашан берілмейтін әйел. Ол әрқашан өз мақсатына жету жолында кедергілерге бас бүкпейтін батыр әйел. Өз қабілеттеріне сенімді және басқаларды ынталандыра алады. Қазақ хан-анасы белгілі бір принциптерді қорлаусыз ұстанады, өзін-өзі тәртіпке келтіреді және басқаларға үнемі сүюге және өмір сүруге ұмтылу үшін үлгі көрсетеді.

Өнердің жаңашылдықтан, ізденіс пен көптеген еңбек етуден, тәжірибелік зерттеулерден тұратынын ескерген жөн болады. Осы тұрғыда, көрерменге ерекше әсер сыйлап, құнды дүниелерді ұсыну үшін, заманауи формадағы бағыт қажет болды. Сондықтан да режиссерлеріміз осы бағыттарды ұстанып, жаңашалану үшін біраз

еңбек пен тәжірибелерге сүйенді. Заман талабына сай қазақ өнері дамып, түлеп, түрленген.

Осы орайда, Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрында Бопай ханым тарихи трагедиясының премьерасы он бесінші мамыр күні 2021 жылы өткен, оның қоюшы режиссері - Жұлдызбек Жұманбай, драматургі - Роза Мұқанова, Бопай ханым бейнесін сомдаған - Лейло Бекназар туралы болмақ.

Кіріспе. Қазақ халқының тарихына енген тұлға, даналығы аңызға айналған әйел, Әбілқайыр ханның жары – Бопай. Ұлы Дала елінің шежіресіне алтын жіптермен жазылған бейнені алғаш рет қазақ театр өнерінің кәсіби тұрғыда дамуына, ғылыми-әдістемелік тұрғыда келбетінің қалыптасуына Роза Мұқанованың сіңірген еңбегі өлшеусіз.

«Үш басты жылан бірін-бірі жеңемін деп жүргенде уақыт озады, өздері де тозады. Жыланда бір бас, бірнеше құйрық болғаны ыңғайлы». Бопай ханым– Әбілқайырдың зайыбы, қиын күндерде ел тыныштығы мен бірлігі үшін пенде басындағы қайғыны да, ауыртпалық пен алауыздықты жеңе білген көреген қазақ әйелі. Әбілқайырдан кейінгі ұлт тағдырының таразысы тек Бопайға біткен болмыс, Бопайға берілген құзырет. Бопайдың қайраткерлік тұлғасы, асыл ана ретінде тәрбиелік өнегесі – ұлтқа мақтаныш, ұрпаққа үлгі. [1]

Қазақстан Республикасының әйгілі жазушысы, драматургі, сценаристі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Роза Мұқанова ««Бопай ханым» елордадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы академиялық қазақ музыкалық драма театрының ұсынысы болды. Театрдың директоры болып тұрғанында Асхат Маамиров ұсынған еді. Бірақ ол кезде бірден келіскен жоқпын. Ойлануға мүрсат сұрадым. Тахауи Ахтановтың «Анты», Әбіш Кекілбайдың «Елең-алаң» романы Әбілқайыр хан туралы болғандықтан, аталған шығармаларда Бопай бейнесінің болуы заңды еді. Екі-үш жыл бұрын Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық музыкалық драма театрында Гүлсина Мерға-лиеваның режиссерлігімен Светқали Нұржанның «Хан кегі» пьесасы да қойылған екен. Бір қа-расаңыз аз жазылмаған тақырып.

Бірден келісе қоймауымының себебі де сол еді. Бірақ Тахаң да, Әбіш аға да бұл тақы-рыптарды кеңестік дәуірде жазды. Жазылған тарихтың шын-дығынан бұрын, жазылмаған тарихтың сырына үңілуге рұқсат жоқ кезеңде аталған шығармалар жа-зылды. Қазақтың ауызша тарихы мен шежіресіне күмәнмен қарайтын дәуірде туды. Ал Светқали досым екеуміз Тәуелсіз Қа-зақстанның жаңа дәуірінде, та-рихтың қиянаты ашылған, өз тарихымызды өзіміз айта ала-тын, тарихшыларымыздың зерт-теулеріне жүгіне алатын дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Светқалидың ақындық болмысы да Бопайды таңдапты. Ал

Бопай ханымды жазуды маған тағдырдың өзі ұсынған болар» [2, 1 б] - деп Бопай ханым туралы сұхбат берген болатын. Расында да, қазақ сахнасына Бопай ханым бейнесінің шығуының өзі жаңалық болғаны анық. Театр әле-мінде түрен салынбаған бұл тақырыпқа осы себепті болды.

Бопай (Бәтима) ханымның Әбілқайыр ханға тұрмысқа шыққанға дейінгі өмірі туралы нақты деректер аз. Оның Адай руынан шыққан Кіші жүз Сүйіндік қазақтарының ықпалды батырларының бірі Табынай руының қызы екені белгілі. 1709 жылы Әбілқайыр хан мен Жәнібек батыр жаудың көшпелі қосынына аттанып, бір бай ақсақалдың ауылында бірнеше күн аялдайды. Әбілқайыр өзіне ұнаған Сүйіндік батырдың қызы жас Бопайды көреді. Ақылға қонымды сылтаумен сұлтан Жәнібекпен одан арғы жолдан жалтарып, өзінің ақсүйек текті екенін Бопайдың әке-шешесінен жасырып, әкесіне қойшы етіп жалдайды. Әбілқайыр Бопайға келеді. Аз уақыттың ішінде олардың арасында махаббат басталды. Бопай Әбілқайыр екеуінің некеге тұруына әкесінен келісім сұрамақ болды. Аңызда Сүйіндік батыр Әбілқайырдың Бопайға үйленетінін біліп, жалғыз қызын қарапайым отбасынан шыққан қайыршы, аты-жөні жоқ, тамыры жоқ жігітке бергісі келмей, бағынбайтын кедергілер болса, оған үміт артқанын айтады. Одан бас тартуға мәжбүр болады, сонда Сүйіндік Батыр Әбілқайырдан «аяғы ақ тоқсан тай, аяғына қара өкшелі алпыс боз жылқы» түрінде сыйақы беруді талап етеді. Әбілқайыр оның дауын қабыл алып, Бопайға «әйтеуір, қажетті қанжығасын алатынын» айтады. Әбілқайыр жылқыларды Бопайдың әке-шешесінің ауылына айдап, одан кейін Әбілқайыр сұлтанның құдасы болған Жәнібек батыр келеді. Сүйіндік қызын Әбілқайырға беруге келісіп, бірнеше күннен кейін екеуі үйленеді.

Бопай ханым – Әбілқайыр ханның сүйікті жары, ел үкіметіне қатысқан қоғам қайраткері, дипломат. Бопай ханым көрші елдер арасында Ресеймен тату-тәтті қарым-қатынас орнатты, соның арқасында дипломатия арқылы көптеген мәселелерді шеше алды. Бопай ханым патша әкімшіліктерімен, орыс патшайымдарымен, жоңғар билеушілерімен хат алысып тұрды. Қазақстан тарихының көрнекті маманы А. И. Левшин былай деп жазды: «...Бопай ханымның өз ойынша, үлкен құрметке ие болғанын, кейде Қазақ хандығын басқаруға өте күшті ықпалымен, оның монограммасы бар мөрі еді. Бұл ерекшелік әйелдерге құл сияқты қарауға, оларды қоғамдық істерге қатысудан шеттетуге мүлдем орын жоқ дегені. Бопай ханым Әбілқайыр ханнан бес ұл, бір қыз туады. Одақты нығайту үшін жоңғарлар Әбілқайыр ханның бір қызынан Хонтайшы ұлын сұрайды. Алайда, Бопай ханым жоңғар тұтқынында қазақ батырларының әлі де

болғанын, өлгендерді жоқтау әлі аяқталмағанын еске алып, бұл ойды жоққа шығарады. Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайы тәуелді болған бұл мәселеде халық кеңесі Әбілқайыр ханды емес, дәл Бопай ханымды қолдағанын айта кеткен жөн.

1748 жылы 1 тамызда Әбілқайыр хан Барақ сұлтанның тұтқындауының нәтижесінде шайқаста қаза тапты. Осы кезден бастап Бопай ханымның билігі басталады. Оның алғашқы қадамы орыс императрицасы Елизавета Петровнаға арналған мәлімдеме болды - егер оның ұлы хан болмаса, Ресеймен келісім бұзылады. 1749 жылы 26 ақпанда императрица Елизавета Петровнаның жарлығымен Нұралы Қазақ ханы болды. Жаңа ханның анасы болған Бопай ханым хан-ана дәрежесіне көтерілді. Бопай ханымның құдіретті әйел болғаны соншалық, Әбілқайыр хан қайтыс болғанда оның ұлдарына он жыл бойы қатты әсер еткен. Күйеуі қайтыс болғаннан кейін Бопай ханым өзінің саяси бағытын өзгертпей, Қазақ хандығының белгілі билері мен батырлары қолдаған ұлы Нұралы арқылы саясат жүргізеді. Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін Бопай ханым жоңғарлармен туысқандық туралы пікірін өзгертіп, өгей қызы Намұрын ханымды Галдан-Цереннің ұлына үйленуге келісімін беруге мәжбүр болды. Алайда неке болмай қалды – Намұрын ханымның өгей қызы қайтыс болды. Көп ұзамай Барақ та қайтыс болды.

«Сарра – адамзат анасы, кеменгер әйел, Ибраһим пайғамбардың жары. Ұрпақ аманаты алдындағы ұлы қадамның, сезім төңкерісінің иесі. Фәнилік қызғанышқа бой алдырып алып, содан құтылудың азабы-на шырмалған, тор ішінен ақи-қат нұрын іздеген ананың бей-несі. Фариза – ақындық бол-мыстың жұмбағы. Сонау көне дәуірдегі Ханса сынды, біздің дәуір-дегі Ақан сері сынды өнер тудырғандардың заңды ізбасары. Фариза – трагедиясымен бақытты тұлға. Оның трагедиясы – жеке өз басының трагедиясы емес, ақын табиғатының трагедиясы. «Құран мұңмен жазылған, мұңмен оқылады» дейді хадисте. Фаризаның шығармасынан да, табиғатынан да осы тереңдік есіп тұрады. Ал Бопай ханымға келсек, Бопай – күрделі кейіпкер, тарихи тұлға. Әбілқайыр хан мерт болғаннан кейін оның орын-далмаған арманы мен аманаты үшін күреске бел буған Бопай. Кіші Орда хандығының әлсіреген тұсында ел бірлігі үшін, жер бүтіндігі үшін, тақ-таласқа жол бергізбей хандықты сақтап қалуға күш салған Бопай ханым. Бопай – күрескер, Кіші Орда саясатын жүргізген дана, білім – парасатымен, ақыл-айласымен шыңыраудан жол салып, халық арасында «Бара қатын» деген атқа ие болған. Бұлт ішінен күн шығаруға ұм-тылып, дербес хандық жолында, азаттық жолында күрескен Ел анасы. [2, 2 б], Бопай ханым туралы Роза Мұқанова айта кеткен.

Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрында Бопай ханым тарихи трагедиясында Бопай ханым бейнесін, театр және кино актрисасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері Лейло Бекназар сомдады. Премьера күні оның шығармашылық қызметінің 40 жылдығына арналған «Жұлдызым менің жоғары» кітабының тұсаукесері де өткенінің символдық мәні бар. Режиссер Жұлдызбек Жұмабайдың айтуынша, жаңа қойылым Қазақ хандығының шынайы тарихына жарық түсірумен қатар, көрерменді ұлы әйелдердің аянышты тағдыры туралы философиялық толғауларға ояту үшін жасалғанын айта кетті.

Бопай ханым – көшпелілер өркениетінің тарихындағы көрнекті тұлғалардың бірі. Бопай ханым сияқты жарқын тарихи тұлғалар барша қазақстандықтар үшін шынайы патриотизм мен туған жерге қызмет етудің үлгісі болып саналады, – деді Жұлдызбек Жұманбай. «Бопай, әуелі, қазақтың қызы. Қазақ әйелінде болатын ізет, иба, кішіктіктің бәрі бар еді. Қайтседе ерінің атын оздыруға деген құлшынысты, талапты да бойына жинаған. Әбілқайырда 3-4 әйелі болғанымен, тарихта тек Бопай аты қалды. Бопайдан тараған ұлдары ел билеп, хан болып сайланған [3, 1 б].»

Қорытынды, тәуелсіздік жылдарында елімізде қазақ театр өнері өз дамуын тоқтатқан жоқ. Ілгері өршіп дамып келеді. Сонымен қатар Қазақ театрлары – Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрында Бопай ханым тарихи трагедиясы жаңа көзқараспен танылып, театр өнерінде тың ізденістермен жаңартып, әлемдік театр үдерісінде жүріп жатқан замануи шығармашылық дамуға үндес жаңашылдық пен жаңа көз қарасты бейнелерді қазақтың ұлы тұлғасы ретінде ұсынды деп айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры порталы, Бопай ханым. <https://kaztheatre.kz/kz/repertuar/afisha/296-bopaj-khanym-tarikhi-tragediya>
2. Егемен Қазақстан порталындағы Назерке Жұмабай сұхбаты, Руханият - 23 Мамыр, 2021 жыл. <https://egemen.kz/article/275598-bopay-khanym-%E2%80%93-bolmysy-bolektulgha>.
3. Маңғыстау Медиа порталындағы Айнахан Есет жазбасы, Жаңалықтар - 15 қараша 2017, 15:08 сағат. <https://mangystaumedial.kz/kk/zhanalyktar/41931>
4. Астана ақшамы газеті. «Бопай ханым»: драмадан дастанға. 1.02.2022 жыл. <https://astana-akshamy.kz/bopay-hanym-dramadan-dastangha/>
5. Мұқанова Р. Сарра: драматургиялық шығармалар./ Роза Мұқанова. –Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. -352 б.

*Bakhytbek Rukhia,
Yeskendirov Nartay*

**PLASTIC SOLUTIONS OF ACTORS IN MODERN
PERFORMANCES "KYZ ZHIBEK"- "KOZY KORPESH – BAYAN
SULU"-
"AKAN SERI – AKTOKTY"**

*Рухия Бақытбек
Нартай Ескендіров, доктор PhD*

**ЗАМАНАУИ «ҚЫЗ ЖІБЕК»- «ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҮЛҮ»-
«АҚАН СЕРІ – АҚТОҚТЫ» СПЕКТАКЛЬДЕРІНДЕГІ
АКТЕР ПЛАСТИКАСЫ ШЕШІМДЕРІ**

Жазушы Ғабит Мүсіреповтың кез-келген шығармасының өзінен, бүтіндік пен тұтастыққа тән терең ой мен тұжырымдаманы, авторға тән биіктікті, жазушы қолтаңбасына тән алуан түрлі кейіпкерлерді көреміз. Осындай түрлі бейнелердің ашылуы қазақ театр өнеріне үлкен жаңашылдықты алып келгендей.

Осы орайда, біршама уақыт халық назарынан тыс қалып қойған классикалық шығармаларды сүзгіден өткізіп, жаңаша нұсқада халық назарына ұсыныла бастаған. Әр кезең мен заманның өз өзекті мәселелері болады.

Бүгінгі физикалық театр формаларының Қазақстан синтездік өнер кеңістігінде орындалуы қазіргі заманғы сахналық үлгілерінің Қазақстандық синтездік өнер саласында кеңінен орындалуын режиссер Нұрқанат Жақыпбайдың жетекшілігімен қойылған «Жібек» мюзиклін талдадық.

2016 жылы 90 маусымында еліміздің бас театрында шымылдық жапқан бұл туынды, Қуанышбек Адыловтың ұтқыр шешімі бойынша жасап шығарылып, ұсынылды. Трагедияның басталуы, Мәрзия есімді кейіпкердің мешіт жанында ән салып, сол үшін жазаланбақшы болып жатқан сәттен басталады.

Режиссер Қ.Адылов пьесаға айтарлықтай өзгешелікті енгізбегенімен, кейіпкерлер бейнесін жаңашалау арқылы басқа қырынан танытты. Өзгерген костюмдер мен декорация, музыкалық көркем шешім заманауилық тұрғысынан жоғары деңгейде болды. Қойылым ғана өзгеріске түспеген десек болады. Қойылымдағы Науан Хазірет образын тарихты парақтап отырып ақтарсақ болады. Дегенмен, осындай ұлттық классикалық туындыларымыз әрқашан да театр репертуарынан табылуы қажет деген ойдамыз.

«Қыз Жібек» қойылымын соңғы кездерде сахналардан жиі көріп жүрміз. Оны ең алғаш болып сахналаған М.Әуезов атындағы

академиялық драма театры еді. Ал, содан кейін қазақ «Қыз Жібегін», «Астана-мюзикл» атты еліміздің жас театры Еуропаның төріне паш етті. Нұр-Сұлтан қаласының Жастар театры бұл қойылымды Кореяда көрсетіп жоғары жетістіктерге жетіп жатыр. Мәңгілік махаббаттың символына айналған бұл жыр халқымыздың ұлттық рухани коды.

Еліміздің жас театры «Астана-мюзикл» қойған «Қыз Жібек» рухани өзекті болып ашылған. Мұнда біз ықшамдалған қойылым мен Е.Брусиловскийдің музыкалық шешімінің жанрға сай қойылғандығын аңғарамыз. Бұл қойылымда режиссер Асхат Маемировтің өзіндік, режиссерлік көзқарасын, ізденісін, кретивті шешімін көре аламыз. Қойылымнан біз қобыздың әуезді үнін, (қобызшы А.Омаров), ары қарай абыздың мәңгілік махаббатын жырды (жырау С.Қамиев) ести аламыз. Сайын даладағы жасампаз өмір мен махаббат. Сұлулық пен қызғаныш, зұлымдық пен мәртебе бәрін бірден сезінеміз. Ата-бабаларымыздың сонау жылдардан бері сақтап келген мәдениеті мен этникалық-этикалық контекстінің панорамасы көз алдыңнан өтеді.

Аталмыш қойылым туралы шет елдік «Folklore» ғылыми басылымына енген мақаламызда: «First of all, the performance is filled with deeply personal, philosophical, and psychological understanding of the national heritage to which Kyz-Zhibek belongs. In this regard it should be stressed that the staging methodology is truly innovative, modern, and authentically national. Owing to the creativity of Zhanat Khadzhiiev, the The talented stage director always raises many moral and psychological problems and reveals new problematic issues. In his interpretations, Zh. Khadzhiiev effectively uses such categories as time and space, which requires deep understanding of the actors and the spectators. All the components of performances are filled with his willpower, which makes visible not only the characters' emotions, but also their secret thoughts and views» (Жаксылықова М. 2014: 384). - деп, режиссердің қойылымды сахналау барысында кейіпкерлердің болмысы мен уақыт, кеңістік қарым-қатынастары - ұлттық философиялық құндылықтарға негізделгеніне ерекше тоқталуымыз негізсіз емес.

Өз кезегінде Ж.Хаджиевтің «Қыз Жібек» спектаклі - Қазақстандағы театр режиссурасындағы жаңашылдықтың көшін бастады.

Классикалық шығармаға заманауи үн берудің тағы бір үлгісі режиссер Б.Атабеуының «Ақсарай» театрында қойған «Қыз Жібек» мюзиклі деп айтуға болады. Мюзикл - театр өнеріндегі жаңа жанрдың бірі. Негізгі тамырын шығыс халықтарынан алатын мюзикл - көптеген өнердің басын қосқан синтезді жанр. Мюзикл заңдылығы сахналық өнердің акробатика, цирк, балет, опера, эстрада, драма секілді кез-

келген жанрларының басын бір арнада тоғыстыра алады. Оған мюзиклдің табиғаты қарсы емес.

«Қыз Жібек» мюзиклінің жаңашылдығы мен театр өнеріндегі орны жайлы өнертану кандидаты Т.Жаманқұлов төмендегідей пікірін білдірген: «Б.Атабаевтың «Қыз Жібек» мюзиклін классикаға басқаша көзбен қарау, классикаға еркін келу деп түсінемін. Баяғы канондарға табынып қалмай, ескі рамкалардан шыға отырып, суреткерлік қиялды шарықтатып көрсеткен. Б.Атабаев ұлттық салт-дәстүрді сақтай отырып, Қыз-Жібекке қарапайым бүрмелі көйлек, камзол кигізіп қойған, Қыз-Жібектің психологиясын бүгінгі жастардың психологиясына жақындатуға тырысқан. Тек жарқ-жұрқ еткен музейлік нәрселер мүлде жоқ. Себебі, ол - Жібектің ішкі жан дүниесін көрсетуді мақсат тұтқан. (Қазақстанның өнері мен мәдениеті: өзекті мәселелер және жаңа көзқарастар. – Астана: Қазақ ұлттық хореография академиясы, 2018:167).

Е.Лиясов бейнелеген Бекежан – Б.Атабаев қойылымының протогонисті. «Режиссер қазір Бекежандардың заманы екенін тура ұқтыра алды. Спектакльде Төлегенге қарағанда Бекежан алдыңғы кезекке көтерілген. Сахнадағы оқиғалар легі тек Бекежан мінезін терең ашуға бағытталған. Жібек пен Төлеген осы бейнені күшейту үшін әрекет жасап жүргендей әсер қалдырады» (Сығай, 1998: 512). - деген пікірді қолдаймыз.

Қойылымдағы Бекежан бейнесінің арқалаған жүгі мен мәні туралы театртанушы А.Мұқанның да көзқарасы осыған саяды: «Бүгінгі қойылымдарды өскелең ұрпақтың сана-сезіміне, түсінік-деңгейіне сай етіп, заманауи етіп көрсету басты міндетіміз (XXI ғасырдағы қазақ театры: дәстүр және инновация, 2017: 39).

Б.Атабаевтың «Қыз Жібек» қойылымын жаңаша оқуын театр мамандары мен көрермен жылы қабылдады. «Болату Атабаеву удалось создать спектакль, современный по форме, но вневременной по содержанию. И это – большая удача для художника, каковым, несомненно, является большой режиссёр Болат Атабаев» деп қаламгер А.Омарова да көпшіліктің ойын білдіреді (Қазақстандағы заманауи театр өнерінің даму жолдары, 2017: 301).

М.Әуезов атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасына Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» трагедиясын Қ.Сүгірбеков «Махаббат дастаны» деген атаумен сахналады. Қойылым «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жырының 1500 жылдығы мен Ғ.Мүсіреповтің 100 жылдығы қатар келген тұста сахналаған болатын. Бұл туралы режиссер Қ.Сүгірбеков бір сұхбатында: «Сонымен, спектакльді тек махаббат жыры емес, түркі әлемі, түркі дүниесі, түркі руханияты бөлінбеген тұстан бастайын,

түркі бірлігі заманынан бастайын деген шешімге тоқтадым.» (Жақсылықова М. 2014: 43). – деп спектакль қоюдағы мақсатымен бөліскен еді. Алайда, спектакль сыншы Б.Құндақбайұлынан біраз сын ескертпелер естіді: «Дала еркелерінің махаббат отына күйіп, ғашықтық жалынын сезімдік және түйсіктік дәрежеде қабылдауын Қозы-Ерлан мен Баян-Дәрия психологиялық дәлдікпен шебер жеткізген» (Абиров Д.Т. 1997: 160). - деп театртанушы М.Жақсылықова қойылымның актерлік құрамына оң баға білдірен

Режиссер шығармашылығына ерекше ден қойып, зерделеген сыншы Ә.Бөпежанова: «Сүгірбеков театры – реализм, романтизм, символизм, сюрреализм, абсурд сынды бағыттарды өз стилінде қорытқан, яғни, тағы қайталағанда, екінші шындықпен жұмыс істейтін театр, сондықтан да оның спектакльдерінің мәдени қуат-кернеуі өте жоғары болып келеді» (Всеволодская-Голушкевич О.В, 1988:152).

Сыншы пікірі - «Махаббат дастаны» қойылымының көркемдік құрылымының да кілтін ашып беріп тұр. Себебі, аталмыш қойылымдағы бейнелік шешімдер, сахнадағы ерекше мизансценалар арқылы көрерменді ассоциациялық ойлауға жетелеу, ұлттық этнографияның сакралдық тұрғыда керемет көрініс табуы - режиссер Қ.Сүгірбековтің ешкімге ұқсамайтын суреткерлік әлемін ұқтырады.

Ал, драматург Қ.Ысқақ: «Әкемтеатрдың сахнасында жаңадан қойылғалы отырған Қайрат Сүгірбековтың «Махаббат дастаны» режиссердің өзінше қолтанбасын танытады. Қайрат - Болат Атабаев сияқты өзінің режиссерлік фантазиясы, импровизаторлығы бар әдеттерінше, туындының мизансценасын жасайды да, ситуацияның кейбір тұстарын өзгертіп, содан кейін барып автормен ақылдасатын» (Всеволодская-Голушкевич О.В, 1988:152).

2001 жылы Жамбыл облыстық қазақ драма театрында режиссер Қуандық Қасымов сахналаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясы өнер ұжымының 65 жылдық мерейтойына арналып қойылды. Режиссер қойылымдағы негізгі екпінді Жантық бейнесіне түсірген.

2002 жылы Ж.Шанин атындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі Е.Оразымбетов қойған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» спектаклі де өзгеше режиссерлік көзқарасы мен көркемдік сахналық тілімен ерекшеленді. Театр сыншысы, профессор Ә.Сығай: «спектакльдегі толассыз қозғалыс үстіндегі кең тынысты, режиссердің кісіні елең еткізетін эффектіні ұйымдастырудағы шеберлігін, әсіресе, сазды әуенді, актерлік және режиссерлік трюктарды пайдаланудағы ептілігін үлкен ерекшелік», - деп ерекше атап, кәсіби баға берді (Сытова Э.В. 2001: 237). Астана қаласындағы Жастар театрында белгілі режиссер Нұрқанат Жақыпбай

Қазақстан режиссурасының тарихында тұңғыш рет мюзикл бағытында «Қозы мен Баян» атауымен сахналады.

«Қойылым жанры мюзикл болғандықтан, оның музыкалық көркемделуіне, әннің мәтініне және сахнада әр сөздің анық айтылуына режиссер көп мән берген», - деп баға берген театртанушы Б.Нұрпейіс (Устьяхин С.В, 2006)

Зерттей келе қазақ театрында пластикалық шешімдерге негізделген қойылымдар бар екенін де баса айтқымыз келіп отыр. Оған мысал ретінде жас режиссерлерден Фархад Молдағалидің «Қарагөз», «Құлагер» спектакльдерін, Аридаш Оспанбаеваның «Жүрегімнің иесі», «Қан мен тер», Наталия Дубстың «Қарагөз» спектакльдерін де ала аламыз. Мысалы Наталья Дубстың неміс театрында сахналаған Қарагөзі таза актердің пластикалық шешімдерінен құралған

Алдағы уақытта танымы мен түсінігі өзгеше, ұлттық болмысынан ажырамаған, жаңаша қозқарастарды да жатсынбайтын жас буын режиссерлер Ғ.Мүсірепов секілді классиктеріміздің жауһар шығармаларын сан құбылтып, жарқыратып, жандандыра түседі деген сенімдеміз.

Әдебиеттер:

1. Абилов Д.Т. История казахского танца. Учебное пособие. – Алматы. 1997, - 160 с
- Жақсылықова М. Қазақ кәсіби актер өнерінің даму ерекшеліктері. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы.: Қаратау, 2014. – 384 б.
2. Кузембаева С. А. Воспеть прекрасное. Алма-Ата: Онер, 1982.
- Қазақстанның өнері мен мәдениеті: өзекті мәселелер және жаңа көзқарастар. – Астана: Қазақ ұлттық хореография академиясы, 2018. – 256 б.
- Қазақстандағы заманауи театр өнерінің даму жолдары. – Алматы: Принт Экспресс, 2017. – 301 б.
- Сығай Ә. Сахна саңлақтары - Алматы: Жалын, 1998. – 512 б
3. Всеволодская-Голушкевич О.В. Школа казахского танца. – Алматы: Онер, 1994. – 184 с. 6. Всеволодская-Голушкевич О.В. Пять казахских танцев. - Алма-Ата: «Өнер», 1988. - 152 с.
4. Захава Б.Е. Мастерство актера и режиссера. – Москва: ГИТИС, 2008. – 432с. Рахимов Ә. Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін. – Алматы: Тарих тағылымы, 2010. – 265 б.
5. Сарынова Л. П. Балетное искусство Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1976.
6. Сытова Э.В. Хореографическое искусство и дети: эстетические и нравственные аспекты воспитания: дисс. на соиск. уч.степ.канд. искусств.Ярославль 2001, - 237 с.
7. Устьяхин С.В. Феномен фолк-модерн танца в современной хореографии дис. на соиск. уч.степ. канд. культурологии: 24.00.01 Саранск, 2006.
8. ХХІ ғасырдағы қазақ театры: дәстүр және инновация. Ұжымдық монография. – Алматы: Print Expres, 2017. – 340 б.

Tangirbergenov Zhanggir, Malikova Assel
FORMATION OF KAZAKH THEATRE PEDAGOGY

Тәңірбергенов Ж., А.Маликова, PhD, докторы
**ҚАЗАҚ КӘСІБИ ТЕАТР ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ**

Қазақ кәсіби театр педагогикасының даму кезеңдері қазақ театр мектебінің қалыптасуымен тікелей байланысты болды. Өйткені, тұңғыш рет кәсіби қазақ театрының шымылдығының түрілуі, театр педагогикасына деген алғашқы қадамдар еді. Алғашқы театр ашылғанымен труппадағы актерлердің кәсіби білімі болмағаны анық. Бұл тұрасында қазақтың тұңғыш режиссері Жұмат Шанин «Қазіргі артистеріміз – бұрын театр мектебінде болмағандар. Оқыған, сабақ көрген тәжірибесі мемлекет театрының ішінде болып отыр. Сондықтан, алғашқы кезде көзге түсер кемшіліктер бола бермек» [1,19]. Театр шығармашылығын кәсібилендіруде Жұмат Шаниннің еңбегі орасан зор болды.

Ол орыс реалистік өнер мектебінің өкілдері К.Станиславский мен В.Немирович-Данченконың театрлық концепцияларына сүйене отырып, кейіпкер бейнесін сомдауда сахналық шындыққа жетудің жолдарын көрсетті. Халық өнерінен бастау алған актерлердің шеберліктерін арттыруда режиссер Ж.Шанин алғаш болып күйсандықпен ән айтуды, ноталық сауаттылық пен теориялық сабақтарды дәріс ретінде өткізді.

Оған дәлел Рымғали Нұрғалиевтің «Драма өнері» кітабында нақты жазылған: «Артистердің апталық жұмысы мынадай болған: Сахналық өнер. Аптасына алты сағат. Репетиция 12 сағат. Барлығы 18 сағат. 9 дан 12ге дейін. Музыка теориясы. 2 группа. Аптасына 4 сағат. Жексенбі, сейсенбі, бейсенбі, жұма, 12 ден 13-ге дейін. Сольфеджио. Аптасына 2 сағат. Дүйсенбі, сәрсенбі, 12 ден 13-ге дейін. Музыка тындау. Аптасына 1 сағат. Жұма, 1 ден 2 ге дейін. Ән сабағы. Аптасына 7 сағат. Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, 1 ден 3 ке дейін. Жұма, 2 ден 3 ке дейін. Хор. Аптасына 4 сағат. Жексенбі, бейсенбі, 1 ден 3 ке дейін. Рояль класы. Аптасына 2 сағат. Сейсенбі, 1 ден 2 ге дейін. Жұма, 2ден 3 ке дейін. Скрипка класы. Аптасына 2 сағат. Дүйсенбі, сәрсенбі, 1 ден 2 ге дейін [2,48 б.].

Фольклорлық дәстүрді кеңінен суреттеген драматургтер баршылық еді. Мысалы, М.Әуезов, Е.Ерданаев, Ж.Аймауытов, Р.Малдыбаев, Е.Оспанов секілді және т.б. Қоғамдағы саяси әлеуметтік жағдайлар да қазақ драматургиясына айтарлықтай әсер етті.

Әуесқойлықтан басталған қазақ театр өнері 1930 жылдары кәсібилікке көше бастады. Өнерпаздар бейне жасауда жаңа тәсіл іздегенімен бұрынғы көркемөнерпаздықтың шегінен аса алмады. Оған

себеп актерларда теориялық білімнің жоқтығы, актерлық өнердің техникаларынан хабарсыз болатын.

Сөйтіп, қазақ театрына әр жылдары Я.П.Танеев, М.Г.Насонов, И.Г.Боров Ю.Л.Рутковский, М.В.Соколовский сынды орыс режиссерлері шақырылды. Қазақ актерлеріне кәсіби білім беруде бұл кісілер зор еңбек етті. Мәселен, Я.П.Танеев актерлік шеберліктің негізгі әліппесі «этюдпен» жұмыс істеуді үйретсе, М.Г.Насонов «Станиславский жүйесінің» негізгі құпиялары мен «адамның рухани тіршілігі» ұғымын түсіндірді. Артистер пьесаны талдауда, үстел маңы дайындығын көп көңіл бөліп, сахналық бейне жасаудың қыр-сырын түсінуге ұмтылды.

Орыс режиссерлерімен жұмыс жасаған сахнагерлер алғашқы кәсіби білімді, «Станиславский жүйесінің» қыр-сырын меңгере бастағанымен, орыс реалистік өнерін бірден қабылдай алмады. Ол орыстың көрнекті драматургтері Гоголь мен Чехов пьесаларымен жұмыс жасағанда байқалды. «Қ.Қуанышбаевты Станиславский системасын үйренді деуден гөрі, оның ойынынан жалпы реалистік өнерге тән қасиеттерді іздестіргеніміз дұрыс болар.

Және көркем театр актерлері Чехов, Горький драматургиясында, реалистік драма негізінде тәрбиеленді, ал романтикалық көтеріңкі стильде жазылған эпостық, тарихи тақырыптарда көбірек ойнаған, М.Әуезов пен Ғ.Мүсірепов пьесаларынан нәр алған актерді көркем театр шәкірті ете салу да қиын» [3,17 б.] деп топшылады белгілі театртанушы Қ.Қуандықов. Жас театр драмалық өнерді меңгеруде тек шеберлік сағаттармен шектелмеді. Бірқатар қазақ жастары Ресейдің Мәскеу, Ленинград қалаларына арнайы дәріс алу мақсатында оқуға жіберіле басталды.

Қанша дегенмен әлемдік театр өнерінің жоғарғы мектебі Ресейде екені анық. Бұл сапардан әсер алған Ш.Айманов: «...жақсы актер болу үшін дарынды болу аздық ететініне көзім жетті.... актер көп білуі және ақылды әрі көзі ашық болуы керек» [4,18 б.] деген ойға келді. Бұл сапарға қазақтың тұңғыш режиссерік Асқар Тоқпановта кеткен еді. Мәскеудегі Мемлекеттік театр өнері институтының (ГИТИС) режиссерлік бөлімінің теориялық курстарын бітіріп келген режиссер А.Тоқпанов қазақ театр өнеріне тың серпіліс әкелді. А.Тоқпановтың режиссерлігімен сахналанған «Абай» трагедиясының қазақ сахнасына қойылуы бүтін бір ұлттың театр өнерін жаңа арнаға ауыстырды.

Ұлттық театрдың құрылуымен қатар қазақ кәсіби театр педагогикасының қалыптасуына дарынды драматургтар мен кәсіби режиссерлердің еңбегі орасан зор еді. Бүгінгі таңда қазақ театрының тарихын театр танушы Б.Құндақбайұлы айтқандай 1915 жылдан

есептесек, қазақ кәсіби театр педагогикасының қалыптасуын 1933 жылдан бастап есептегеніміз абзал.

Театр танушы Әшірбек Сығай «Қазақ театр педагогикасына елу жыл деп ұйғарып жүргеніміз де үстірттіктің салдары. Бұл да шындыққа сәйкес келмейтін шешім. Ақиқатқа қиынат. Біздің сөзімізге иланғыңыз келмесе, ұлт театрымыз турасында тұңғыш еңбек жазған Н.И. Львовтың «Қазақтың академиялық драма театры» атты кітабына назар салыңыз. Бәріне де көзіңіз жетеді. Тарихтың аты – тарих», - деп жазды [5,36].

«Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1933 жылғы 29 сәуірдегі «Театр және музыка кадрларын даярлау шаралары туралы» қаулысында Алматы музыкалық училищесін театр және музыка училищесі етіп қайта құру алдын ала белгіленіп, республика театрларына жас актерлер мен білікті мамандар даярлауды қамтамасыз етті» [6,176].

Екі жылдық студияда болашақ театр мамандарына актер шеберлігі мен сахна өнері тарихынан білім берді. Актерлік шеберлікті театрдың жаңа көркемдік жетекшісі М.Г.Насонов, сөйлеу техникасын – В.И.Дьяков, гримді – орыс театры әртістерінің бірі үйретті» [6,80] делінген.

Студияда әдетте драма мектептерінде өтетін пьесалардан «үзінділер» болған жоқ. екінші курста ғана «Менің досым» атты бір көрініс пен пьеса әзірленді. Екінші жағынан, студенттер бірінші курстан бастап театр көпшілік сахнада және эпизодтық рольдерде ойнады. Бұл оларға практикалық тәжірибе берді» [6,80] қазақ актерлері этюдпен және қасқа үзінделірімен жұмыс істей бастады. Бұл студия 1935 жылы қабылданған қырық талапкерден тек қана алтауы толықтай аяқтады. Олар ҚазКСР-інің Халық артистері Айша Абдуллина мен Әтәйбек Жолмбетов және Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қалкен Әділшінов болды. Кейіннен ҚазақКСР-нің Халық артистері Ш.Айманов, К.Қармысов, С.Майқанова, Ж.Оғызбаев, С.Телғараевтар тәмәмдап Қазақ академиялық театрының негізі қаңқасын құрады.

1938 жылы құрылған «көркем сурет училищесімен» театр студиясы бірігіп 1941 жылы «Қазақ мемлекеттік театр-көркем-сурет училищесі» болып ашылады. Бұл жылдары Қазақстанға «Мосфильм» мен «Ленфильм» Алматыға эвакуацияланған еді. Орталық біріккен киностудияда актерлар дайындайтын төрт жылдық қазақ мектебі ашылды. Бұл жерде С.Эйзенштейн, В.Пудовкин, И.Пырьев, Л.Трауберг секілді кино шеберлерінің дәріс беруі қазақ актерлік өнерінің кәсіби оқытудағы алғы шарттарының бірі еді.

1955 жылы Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясында театр факультеті құрылып актерлік өнер мамандығы ашылуына мұрындық болады. 1959 жылы алғашқы түлектері қазақ театр өнерінің өркендеуіне қадам басады.

Ол жерде Ф.Шәріпова, С.Оразбай, Р.Сейтметов, А.Әшімов, Р.Әуезбаев, Н.Мышбаева, М.Мұраталиев, М.Жаксымбетова алғашқы түлектері болып оқуларын тәмәмдады. Тұңғыш ұлт театры туралы еңбекке сүйенсек «Вслед за ними набирались новые актерские курсы (казахские – ежегодно, русские, корейские, уйгурские – раз в 4 года), режиссерские – раз в 4 года» [6,136] қабылданып отырды. Кафедраның педагогтік құрамы жетекші театр қайраткерлерімен, режиссер, актер, театр суретшілерімен толықты.

Мәселен, актер шеберлігінен КСРО Халық әртістері Х.Бөкеева, Ш.Жандарбекова, Ы.Ноғайбаев, Е.Я.Диордиев, Н.Жантөрин, Г.Х.Хайруллина, Л.А.Ярошенко дәріс берсе, режиссурадан Ә.М.Мәмбетов, А.Л.Мадиевский, Б.О.Омаров, С.Р.Башаян, Ш.Шамшиев, А.А.Пашков, Г.В.Жезмер, А.И.Пушкин педагогтік құрамды болды. Сахна тілінен Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген әртістері Ли Хам Дек, Р.Иллахунова, О.П.Чугунова дәріс берді.

Осы кафедраның негізінде 1978 жылы Алматы мемлекеттік театр-көркемсурет институты құрылады. Институттың ректоры болып он сегіз жыл балалар мен жасөспірімдер театрының директоры болған Гүлжахан Жанысбаева сайланды. Кейіннен Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының тарихы бастау алады.

Қ.Жандарбеков пен Ш.Айманов Мәскеу театр институтында оқып келген, орыстың ірі театр қайраткерлерінен дәріс алған (М.О.Кнебль, А.Попов, Н.И.Гончаров, А.А.Горчаков, И.М.Раевский, Н.С.Плотников, В.А.Вронская, Н.Ю.Ковшов, Г.Н.Бояджиев, А.Дживилегов, Б.Н.Асеев) Рәбиға Қаныбаеваға «Театр» факультетінің «Актер шеберлігі мен режиссура» кафедрасына «Сахна тілі» мен «Актер шеберлігінен» сабақ беруге ұсыныс жасайды.

Себебі, ол кездері теориялық білімі бар мамандар жоқтың қасы еді. Білікті жас маман бірден шеберхана ашып курс қабылдауға кіріседі. Алғашқы түлектері С.Оразбаев, Ф.Шәріповалар болса, бас аяғы қырық жылдың ішінде көптеген болашақ Халық артистерін даярлап шығарады. Олардың қатарына А.Әшімов, Е.Обаев, М.Байсеркенов, Ғ.Әбдінабиева, Д.Тұранқұлова, А.Құлбаев, Н.Жақыпбаев, Б.Жанғалиевалар қосылады. Р.Қаныбаева 1960-1992 жылдар аралығында кафедра меңгерушісі болып еңбек еткен жылдары қазақ театр педагогикасына айтарлықтай жаңалықтар әкеледі. Актер шеберлігі кафедрасы беделінің жылдан-жылға өмір талабының өскелеңдігіне сай, өзгеріп, өсіп отыруына белсене ат салысты. Кезінде,

осы кісінің шақыруымен ұстаздық қызметке араласқан бүгінгі белгілі профессорлар, айтулы өнер шеберлері Хадиша Бөкеева, Шолпан Жандарбекова, Әзірбайжан Мәмбетов, марқұм Ыдырыс Ноғайбаев есімдері бұл күндері студент аудиторияларынан жарқын-жарқын естіледі» [5,135 бет] деп шынайы баға берді.

Бұл жөнінде «Өнертану» докторы, профессор Б.Нұрпейіс «Дүниетанымы, білген-түйгені көл-көсір Р.Қаныбаева қазақ театр педагогикасының негізін қаласумен бірге, ілгері дамуына мұрындық болды. Егер оның сабақ беру лабораториясына үңілер болсақ, өзі білім алған Москва өнер институтының «кейіпкержандылық» үрдісін ұстанғаны айқын көрінеді. Театрдың әліпбиінен мүлдем хабарсыз шәкірттерге сахнада шынайы өмір сүрудің заңдылықтарын үйретуден қажыған емес. Солардың бірі, Леонардо да Винчи, Рембрандт Харменс ван Рейн, П.А.Федотов, Ә.Қастеев сынды ұлы суретшілердің туындыларын талдап беру керек болатын.

Театр танушы Әшірбек Сығай «Сахна саңлақтары» атты еңбегінде «Кезінде Рәбиға Қаныбаева басқарған кафедраға жолы түсіп, институт оқушыларымен, студенттерімен дидарласпаған өнер қайраткері кемде-кем. В.Меркурьев, В.М.Раевский, Лесли, Новохижин тәрізді театр өнері профессорларымен араласу процесі кафедра жұмысының жандана түсуіне түрткі болды. «Қазіргі жас артистерден байқалатын бір кемшілік,-дейді профессор Рәбиға Қаныбаева, - олар аз ізденеді [7, 256] деген баға берді.

Жоғарыда айтылған А.Токпанов, Р.Қаныбаевамен қатар қазақ театр педагогикасы тарихында Татьяна Наурызбаева да айтарлықтай орын алады. 1971 жылы ГИТИС-тің «театр өнері» бағыты бойынша аспирантурасын тәмәмдап, академияға педагог болып келеді. Театр педагогі, өнертану доценті Татьяна Наурызбаева педагогика саласында бірнеше буын тәрбиелеп, режиссура саласына жаңа толқын әкелді.

Әдебиеттер:

1. Жақсылықова М. Қазақ кәсіби актерлік өнерінің даму ерекшеліктері: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Каратау КБ, ЖШС Дәстүр, 2014. – 384 б.
2. Нұрғалиев Р. Драма өнері - Алматы: Санат, 2001. 480 бет.
3. Богатенкова Л. Народный артист СССР Шакен Айманов. – Алма-Ата: Наука, 1973. – с. 126.
4. Қазақ театрының тарихы (Жауапты шығарушы Құндақбайұлы Б.). – Алматы: Ғылым, 1975. – 397 б.
5. Сығай Ә.Таңғажайып театр -Алматы: Жалын, 1998.— 512 бет
6. Львов Н.И. Казахский академический театр драмы - Алматы: Издательство Академии наук Казахский ССР.-1957,
7. Сахна саңлақтар.Алматы: Жалын, 1998.— 512 бет.

IV СЕКЦИЯ

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ЖӘНЕ ДИЗАЙН ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО И ДИЗАЙН

Abdukhakimova A.S., Yeskozhdina L.B.

FASHION DESIGN IN CLO 3D

Абдухакимова А.С., Есхожина Л.Б.

ДИЗАЙН ОДЕЖДЫ В CLO 3D

The article discusses the main aspects of the implementation of the process of creating 3D modeling. The essence of using CLO 3D, the effectiveness of using the program will be revealed. Advantages and disadvantages of the program.



CLO 3D or CLO Virtual Fashion is a clothing design company and software developer for virtual fabric design. Tools developed by CLO3D allow the creation of accurate simulations of 23 types of fabrics (including skin) and then putting on virtual clothes on a 3D computer model of a person.


Among the company's clients are adidas, Hugo Boss, Nike, Moschino, Under Armor, Helmut Lang, Macy's, Louis Vuitton and other brands. And these are just the brands that work directly with CLO3D. But first of all, CLO3D is a separate tool, and for its use it is not necessary to cooperate with the company - it is enough to buy a license to use the tool. Simon Kim, CEO of CLO Virtual Fashion

The program is used in fashion design, in the gaming industry, in film production. you can create virtual avatars, detail elements using various textures, draperies and accessories.

What does the program allow you to do?

Create and edit an avatar

An avatar is a mannequin on which clothes will be created, the avatar allows you to edit your parameters. Thanks to this, you can easily recreate the desired parameters. This will make it easier to create clothes, not to alter clothes, but to immediately create the correct pattern.



Working with patterns

— In CLO 3D it is very convenient to work with patterns and mannequins. Anything created in the 2D window immediately appears in the 3D window.

— Work with textures, prints.

— The seamless map generator allows you to create textures and prints of any complexity, ready to go. CLO 3D can create-import textures and print it all

— The program has many customizable options. This will bring the fabric closer to realism for comfortable work. Add shine, reduce thickness, adjust weight. All this can be done in CLO 3D

— Working with details


— High detail, work with small details. The ability to add customization of accessories of any complexity inside the program. If you set the weight of the part, the fabric may stretch. For example, metal buttons or lacing.

— Simulation (Clothes fitting)

— 3D fitting clothes. Very realistic, the animation allows you to see all the mistakes, obeys the laws of gravity, there is also a freeze function so that the clothes do not fall off the avatar. Simulation allows you to check how correctly the clothes are created. You can check

— how it moves when moving. You can also remove all gravity settings; this is the advantage of Digital clothes.

Kazakh Fashion designer using 3D modeling. One of the famous digital fashion designers in Kazakhstan is Zhanar Abraeva. In the article *The Future Is Near: What is Virtual Fashion and How Has It Changed the Industry?* Zhanar Abraeva shared her experience in the field of virtual fashion. There was a conversation about projects and impressions.



Projects by Zhanar Abraeva:

— The first customer was Malivar. The company specializes in virtual influencers. Thanks to the company, there were many very interesting adidas and Nike projects. With their help, a virtual design of things for people with disabilities was created.

— In quarantine, work was underway with Akhmadulina's salon, a public clothing brand. After quarantine, there was work with the Moscow company Glyph, where work also continued with BuroCode, VOGUE, adidas and Anastasia Ivleeva.

— Together with Regina Turbina, she created Ivan Urgant's project for the cover of GQ magazine.

— The most favorite order was an exclusive for the media project VOGUE Russia and adidas. Created in collaboration with creative company Glyph to launch the new Ultra Boost 21 running shoe. Modulates into a 3D athletic capsule. Also, traditional clothing with an ornament in a digital version called "Shapan" was created.

CLO 3D is designed for the fashion industry, where digital design typically begins and ends. There are many 3D programs out there, there is a chance to stumble upon a program called Marvelous Designer and the question will be, "Which one is the best?". We can say that CLO 3D is a more advanced version of the Marvelous Designer program.

Although the underlying technology is the same, Marvelous Designer is primarily used in computer graphics, animation and games.

The functionality of the program is ideal for the development of young brands in the context of quarantine, general economic and environmental problems.

Firstly, there is no need to spoil a lot of fabric and materials in vain: all experimental samples can remain in the digital space, and only the final, most demanded model will be released into the world. Secondly, there is no need to interact with the whole team: all work from sketch to fitting takes

place online. Thirdly, goodbye to renting office space and shops: just a laptop and your own room at home.

Often things have an unusual design and are sewn without patterns. Sometimes two pieces of fabric sewn in a tricky way are enough for a dress. To check how the future new thing will sit on the figure, wait a while with buying material and wrapping it in front of a mirror. In Clo 3D, you can "figure out" the future outfit and try to combine cuts in different ways, experiment until you get the desired result.

Advantages and disadvantages of the program.


Advantages

— Realistic product demonstration. The object is drawn as detailed as possible, with all its features. The 3D model can be viewed from different angles, rotated and unfolded as you wish. You can choose the most spectacular display position to impress investors and partners.

— Preliminary assessment of inconsistencies. Drawings in 2D describe the product in detail, but do not give a complete picture of how it will look like in the end. It may well turn out that in the finished form it will be skewed, with unnecessary, non-functional parts, etc. Modeling in 3D allows you to notice such shortcomings at the design stage.

— Saving money. It is much cheaper to draw a project in 3D than to immediately make a sample for demonstration.

1957 жылы жарыққа шыққан Мәжит Бегалиннің «Шоқан Уәлиханов» фильміндегі кейіпкер мен табиғат етене жақын. Шоқан Уәлиханов – қазақтан шыққан ғалым, зерттеуші, саяхатшы. Фильм Шоқанның Қашқардан қайтқан саяхатынан бастау алып, оның әртүрлі өмірлік кезеңдерінен сыр шертеді. Ең алғаш қарапайым Шоқанды манасшының қасында кездестіруге болады. Тасқа жазылған таңбаны сұрап, «Манасты» тыңдап, оны жазып алу керек деп ұйғарады. Көріністе кәдімгі шапан киген, басында қалпағы бар Шоқанның жайбарақат отырғанын көреміз. Карл Каземировичтің алдына барғанда офицерлік мундирін киіп, ресми келеді. Бұл кездесудегі Барон Фредерикспен қақтығыстан кейін еліне жол тартады. Жолда көкпаршыларды көріп, оларға қарай шаба жөнеледі. «...Бұнда

осыған дейінгі патшалық жайбарақаттық, ынғайсыздық еркіндікпен, айқын далалық темпераментпен, осы жермен, оның дәстүрлерімен біріккен үйлесімділіктің бақытты сезімдерімен, өмірсүйгіштікпен алмасады» (Нөгербек, 2008: 181).

Тентекке келген Шоқан әлсізденіп, төсек тартады. Шулаған дауысты естіп, «Бұл кім?» дейді. Балалардың дауысы екенін білген соң, даласына көз тастағысы келеді. Кең байтақ даласына қарап, «Осылай өледі-дағы Шоқан Уәлиханов. Қандай ғұмыр кештім, не ойладым, қайда қол создым, арманым қандай? Ұғар ма соны ұрпағым?» дейді. Нәзира Рахманқызы «Қазақ киносы: кеше және бүгін» атты еңбегінде: «Фильмде Шоқан көз тіккен тау мен дала көріністері өте мұнды кейіпте беріледі. Себебі, орыс патшасының «аяғы» жетіп үлгерген қазақтың кең даласы мен таулары біртіндеп еркіндігінен айырылып барады», - деп жазады (Рахманқызы, 2017: 85).

1960-1970 жылдары қазақ кино өнерінде жаңа есімдер пайда болады, бірегей туындылар дүниеге келеді. Кеңес киносында екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары түсірілген фильмдердің саны өте аз болса, 1950 жылдары кино өндірісі қайта қалыпқа келе бастады. Ал, жалпы Кеңестер Одағы құрамындағы барлық республикалардың кино өнерінің жаппай дамуы 1960 жылдарға тап келеді. Бұл жылдары жарыққа шыққан фильмдердің басым көпшілігі қазақ киносының «алтын қорына» енді.

Шәкен Айманов 1960 жылы «Бір ауданда» фильмін жарыққа шығарады. Кинотеоретик Б. Нөгербек қазақ киносының драматургиясы мен режиссурасындағы жаңашылдық пайда болған фильмдер санатына бұл фильмді де қосады. Мұндағы ең басты ерекшелік пен жаңашылдық кейіпкер бейнесімен байланысты. Жастар мен орта жастан асқан адамның елге, жерге, дүниеге деген көзқарасының алшақтығын оқуға болады. Бақылаушы ретінде келген Крылов Бектасовпен бірге. Екеуі Баяновтың жұмыс істеу тәсілі ескіргендігін алға тартады. Баянов келіскісі келмесе де, көзқарасын қайта қарауға көнеді.

1-ші аялдама: орыс шопырмен кездесу. Орыс мұндағы аудан басшысының жақсы екенін, алайда жолының нашар екенін айтады. Осыны айта отырып, жол туралы пәлсапасын алға тартады. Баянов: «Өзің философсың ғой, тегі!» десе, «Шопырмын» дейді. Бұл кездегі Кеңес үкіметі жұмысшылар табына аса мән беретін. Олардың еңбегін насихаттауға жақын еді. Қарапайым жұмысшының өзі білімге, жаңалыққа құштар болды. Бұл да сол кездегі әлеуметтік тапты көрсетудің ұтымды шешімі секілді.

2-ші аялдама: Баяновтың қойшы Құрманбекпен кездесуі. Құрманбекті кездестірместен бұрын, ол туып-өскен даласына көз тастайды. Тыныш жатқан ел, қыстауға көшіп бара жатқан жұрт.

Баянов «Мына тау мен даланы ештеңеге айырбастамас едім!» дейді. Расында солай. Ол өзі орталықта тұрғанымен, шыққан тамырын ұмытқан емес. Оның жайлауда төрт түліктен басқа мал асырағанын қаламайтындығы да сондықтан. Ол қойшының ұлы Сабырдың ауылда қалғысы келмейтіндігін естіп, қынжылады.

3-ші аялдама: өзен жағасында. Демалуға келген Баяновты колхоздың үйрегін аңдамай атқаны үшін Бектасов пен Крылов келеке қылады. Баяновты мақтаншақ, көрсекызар етіп көрсетеді. Баянов тағы да жалғыз.

4-ші аялдама: Баянов ауданның мал шаруашылығымен айналысатын жеріне келгенде, оның қорғаушылары пайда болады. Олардың бәрі – ақсақалдар. Малды мотоциклмен бағуға қарсы. Кейін қосылған Бектасов пен Крылов та мотоциклмен мал бағу дұрыс шешім емес деп құптайды. Бұл Бектасовтың алғаш кездесудегі «Тамырынды ұмытқансын» деген Баяновтың сөзіне берген жауабы еді.

Қайтып келген соң, ол өзінің бұл қызмет үшін қартайғандығын айтады. Сонымен қоса, барлығынан бас тартып, көшіп кеткісі келеді. Бірақ, Майра оған бұл ойдың бұрыс екенін дәлелдейді. Баянов Крыловқа арызын алып келгенде «Ағаш тамырынан ажыраса – өледі» деп, өз ауданында қалды. Демек, күрес әлі де жалғаспақ. Ата-баба жері үшін, құндылықтары үшін, дәстүрі үшін күрес.

Фильмде кейіпкердің тегі Баянов болуы тегін емес секілді. Себебі, оқиға Баянауыл жерінде өтеді. Ал «Баянаула» (Баянауыл жерінің таулары) сөзінің этимологиясына үңілсек моңғол-түркі түбінен шыққан «бай, бақытты таулар» мағынасын береді. 1974 жылы жарық көрген Д. Приймақтың еңбегінде: «Қазақтардың тарихи сенімдерінде таулардың олай аталуы «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» поэмасындағы Баянның есімімен байланысты» дейді (Приймак, 1974: 4). Фильмде Баянов көптен аяқ баспай кеткен ауданның екінші бөлігіне келіп, мекенді аралап жүргенде «Баянауыл» әні шырқалады. Баянов тауларына, өзенге ұзақ қарайды. Белгілі фольклортанушы, философ С. Қондыбай бұл мәселе жөнінде былай дейді: «Әрине, отырықшылыққа көшу заман талабы болғанымен, 1928-1960 жылдары жаппай еріксіз коллективтендіру тұтас халыққа таңылған зорлық еді, өйткені бірте-бірте өтпей, қысқа уақыт ішінде отырықшылану нәтижесінде көшпелілер жаңа өмірге сай табиғи бейімделу процесін өткен жоқ» (Қондыбай, 2008: 124).

Абдолла Қарсақбаевтың шығармашылығында ерекше маңызға ие «Қилы кезең» фильмі 1966 жылы жарыққа шықты. Тарихи-революциялық фильм санатына жататын фильмнің 1930 жылдардағы кеңес тарихи-революциялық фильмдерден айырмашылығы, біріншіден – антагонист кейіпкер бейнесінің өзгеруі болса, екіншіден

– фильмде жаппай кеңестік идеологияны насихаттау идеясы жоқ. Б. Нөгербек: «А. Қарсақбаев Қазақстанның тоталитарлық емес киноның бастауында тұрды. Оның «балаларға арналмаған» «Қилы кезең» фильмі қызыл большевиктер туралы кеңес тарихи-революциялық фильмінің дәстүрлі канондарының бұзылуының алғышартын жасады. Бұл лента қазақ кеңестік тоталитарлық фильмдерінің қатаң канондық формадан еркін канондық емес, содан соң авторлық модельде даму жолдарын анықтады» (Нөгербек Б.Р., Нөгербек Б.Б. 2014, 157).

«Қилы кезең» фильмінің титрында өзгеше интерпретацияда ойналатын «Елім-ай» әуені тау панорамасымен бірге беріледі. Бұл әуеннің орындалу ерекшелігі қаһармандық әуен нақышында басталатын мелодия «Елім-ай» әуенінің кіріспесі екендігін түсінесің. Әннің темпі де бастапқы мелодияға ілесе алатындай негізгі нұсқасынан жылдамырақ беріледі. Фильмнің түсірілген жылын (1966) ескерер болсақ, режиссер кеңестік идеология мен жабық тақырыптарға қарсы баратынын көрсетуге болады.

Тоқтардың тау ішінде тоқтап, таңбалы тастарды қарайтын көрінісі бар. Уақыт өзгерсе де, ғасырлар өтсе де, тасқа жазылған таңбалар қазақтың кешегісі мен бүгіні бар екенін аңғартады. Тау – асыл тастарды сақтайтын үңгірдің қызметін атқарады. Бұндай көрініс Мәжіт Бегалиннің «Шоқан Уәлиханов» фильмінде Шоқанның манасшының қасына келіп, таңба туралы сұрайтын сәтінде де бар.

1968 жылы «Қазақфильм» және «Қырғызфильм» бірігіп түсірген «Қараш-Қараш оқиғасы» фильмі қазақ және қырғыз кинематографиясында шоқтығы биік туындылардың қатарына қосылды. Мұхтар Әуезовтың әйгілі «Қараш-Қараш оқиғасы» шығармасының желісімен түсірілген фильмнің сценарийін жазған қазақ драматургы Әкім Тарази. «Тау – кие» ұғымы бұл фильмде де қайталанатын. Фильмнің драматургиясы Бақтығұлдың байлармен қақтығысына құрылады. Жарасбайдың ауылынан пана тапқан Бақтығұл байдың сенімді қолына айналады. Бірақ, уақыт өте Жарасбай болыс болу үшін Бақтығұлдың қате басқан жеріне лайықсыз жаза береді. Фильмнің шарықтау шегі мен финалына дәл келетін көріністе Бақтығұл Жарасбайды атпас бұрын бірнеше мәрте тауға көз тастайды. Бұл Бақтығұлдың өзінің киелі мекені, киесі Таудан рұқсат сұрауы. Тау бір жағынан Көктегі Тәңірге, тылсым күш иесінің бейнесін береді. Жарасбайды оққа ұшырып, «жеңімпаз» болса да, бұл сәтте Бақтығұл істеген ісіне көңілі толмағанын көзінен жас аққан кейпінде тау басында қалып, аяңдайды. Тау – кие. Тау – шындық.

Ш. Бейсембаевтың «Гаухартас» фильміндегі таудың драматургиялық қызметі тамаша. Дулат Исабековтың повесі бойынша түсірілген «Гаухартас» фильмі қыз Салтанаттың үлкен өмірге қадам

басып, басқа ортадағы, жаңа өмірдегі ішкі сезімдерін бейнелейтін туынды. Тауда Салтанат басындағы орамалын шешіп, еркін жүре алады. Өйткені, тау өз үйіндей жақын. Тау ішінде «Гаухартас» әнін айтып, өзінің алаңсыз күндерін есіне түсіреді. Фильмнің оқиғасы М. Бегалиннің «Тұлпардың ізі» фильміне ұқсас.

Абдолла Қарсақбаевтың «Алты жасар Алпамыс» фильмінде басты кейіпкер Алпамыс, Әлімханнан басқа көрермендердің есінде сақталған бір кейіпкер бар. Ол – тау күзетшісі Мұнар ата. Зерек Алпамыстың жасы жетпей, мектепке қабылданбайды. Достарының барлығы мектепте жүргенде, Алпамыс уақытын Мұнар атамен өткізеді. Қартайған, көпті көрген Мұнар ата Алпамыс екеуінің арасындағы әңгімесінен оның мектеп оқымағанын, бірақ дүниені танып білуге тау мен дала көмектескенін айтады.

1979 жылы жарыққа шыққан Абдолла Қарсақбаевтың «Даладағы қуғын» фильмі «Қилы кезең» фильміне тақырып жағынан, жеткізу формасы тұрғысынан ұқсас. Бұл фильм де тарихи-революциялық тақырыпқа арналып түсірілген.

Шәкен Аймановтың «Атаманның ақыры» фильмінің екінші бөлімін түсірген Эльдор Уразбаевтың фильміндегі Айманов стиліне тән тәсілді аңғаруға болады. 1977 жылы жарыққа шыққан «Транссібір экспресі» фильмінің оқиға шиеленісі пойыз ішінде өтеді. Ұзақ сапарға шыққан Чадьяров шын мәнінде пойыз ішінде қандай операция жасалғалы жатқанынан хабары жоқ. Ұзақ сапардың ішінде пойыз қазақ даласынан өтіп бара жатқан сәтте терезенің ар жағында тұрған халықты көргенде фонда халық әні «Жиырма бестің» әуені естіледі.

Ән салған Аймановтың дауысы шексіз далаға, «шайтан-арба» артынан жүгірген елге, өзінің бұрынғы өмірін есіне алған Чадьяровтың кең далаға ұзақ әрі мұқият қараған ойлы, мұңды көздерімен беріледі.

XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ кеңес киносындағы Дала мен Таудың өзіндік орны бар. Дала қазақтың еркіндігін көрсетсе, тау – ақиқат символы.

Әдебиеттер:

1. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 3-том. Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. – Алматы: Арыс, 2008. – 288 б.
2. Ногербек Б. Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино. – Алматы: RUAN, 2008. – 376 с.
3. Ногербек Б.Р., Ногербек Б.Б. Казахское игровое кино: экранно-фольклорные традиции и образ героя. Монография – Алматы: ТОО «Каратау КБ», «Дәстүр», 2014. – 424 с.:ил.
4. Приймак Д. Скалы и легенды Баянаула. – Алма-Ата: Казахстан, 1974. 24 с.
5. Рахманқызы Н. Қазақ киносы: кеше және бүгін. – Астана: Фолиант, 2017. – 464 б.

Kairzhan A.B., Smailova I.T.
**THE SPECIFICITY OF THE INTERVIEW METHOD IN THE
NETWORK MEDIA SPACE**

Каиржан А.Б.
Смаилова И.Т., кандидат искусствоведения
**СПЕЦИФИКА МЕТОДА ИНТЕРВЬЮ В СЕТЕВОМ МЕ-
ДИАПРОСТРАНСТВЕ**

Глобализация современного мира отображается в СМИ смешением жанров, их особенностей, сочетанием наилучших аспектов и появлением свежих веяний в искусстве. Терхи Рантанен подчеркивает, что глобализация означает одновременно присутствие и отсутствие, как переплетение социального, имеющего глобальный масштаб, с личным [1]. Интервью – сильный жанр, остающийся в лидирующей позиции, при этом обогащаясь потенциалами сетевых медиа.

По словам С. Г. Корконосенко «интервью захватило смысловые пространства очерка, перестав быть только новостью из первых уст и явив несомненный интерес к личности собеседника» [2]. Форма интервью на сегодняшнем телевидении сейчас буквально на первый план устанавливает личность героя, его собственные мысли, суждения по тому или иному поводу. Сетевые медиа активно применяют интервью и в качестве метода, и в качестве жанра, вбирая в себя классические черты жанра интервью. При этом сетевые медиа обогащают интервью возможностями интернет-пространства, таким образом образуя новые специфические черты.

«Ключевым жанром публицистики интервью становится в XIX в., в период бурного развития периодической печати, когда диалог приобретает широкое распространение в качестве способа получения общественно значимой информации из первоисточника» [3] считает исследователь Р. Борецкий.

Преимущественно отличительными примерами здесь представляются интервью официальных персон и ответственных чиновников по вопросам общественно-политической жизни и социально-экономического развития. Второй тип интервью не носит конкретно-направленного на событие, проблему или факт характера. Его можно было бы отметить как «интервью ни о чём». В данном случае устанавливающими структуру беседы моментами являются: личность интервьюируемой персоны, баланс уровня абстрактности и конкретности обсуждаемых тем, их безвременной характер.

Можно сказать, что в таких условиях разговор с известной и знаменитой личностью строится как интервью о смысле жизни, где био-

графические детали участника диалога дают толчок к более просторным и обобщающим. Здесь самое основное – собеседник, его мнение. Далее автор рассмотрит три самых популярных ютуб канала, создатели которых специализируются на создании медиапродуктов, в основном состоящих из интервью.

1. Канат Бейсекеев, ютуб канал «kana beisekeyev».

Окончил университет UIB на журналиста. После окончания поступил в New York Film Academy на специальность digital art and photography. На сегодняшний день Канат Бейсекеев является самым популярным режиссером документального кино в Казахстане, с аудиторией на ютуб канале в 219 тысяч человек. Общее количество просмотров канала - 24 миллиона. Снимать документальные фильмы для ютуба Канат начал в 2015 году, первый фильм называется «Дальнобойщик». Самым просматриваемым оказался фильм «Казах полицейский в Нью-Йорке» (выпуск от 23.02.2016 года, более 4,2 млн. просмотров), меньше всего просмотров набрал фильм «Последний корабль» (12.11.2020 года, чуть более 12 тыс. просмотров).

«Фишкой» режиссера являются фильмы о казахстанцах, проживающих, либо работающих за границей. Если говорить о методах коммуникации с героями, анализируя фильмы на канале можно заметить, что Канат старается выстраивать непринужденный дружеский диалог с героями во время интервью[4].

Сравнивая его фильмы в контексте развития, можно рассмотреть два фильма - один из его первых роликов «Казах полицейский в Нью-Йорке» и последнюю работу «Мама онлайн» о судьбе гастарбайтерш в чужой стране. Итак, первое, что бросается в глаза - это то, что зритель больше не слышит вопросов автора ролика. То есть Канат перестал появляться в кадре, пусть даже посредством голоса, и это затрудняет анализ взаимоотношений между автором и героем.

Однако в результате совокупного анализа заметно, что в общих чертах значимых изменений в диалогах не наблюдается. В поздних своих работах Канат начал экспериментировать с цветом, картинка в его видео стала более стилизованной и подогнанной под атмосферу и настроение повествования, чего раньше нельзя было наблюдать. Автор перестал брезговать вставлять «не очень красивые» кадры в угоду эстетичности. В целом, его способность выстраивать кадр имеет под собой основу: «Изначально я хотел быть фотографом. Я знал, что это хороший старт, что когда-нибудь буду заниматься режиссурой, но на тот момент, в 19 лет, я хотел стать профессионалом – фотографом, делать фото–проекты. Мне пришлось научиться писать, хотя я сначала это не любил» [5].

2. Эллен Дедженерес, канал «The Ellen show».

Эллен Дедженерес - американская ведущая, комик и актриса, до недавнего времени вела канал на ютубе с аудиторией 38,2 млн человек. На сегодняшний день выпущено более 3-х тысяч эпизодов программы, сочетающей в себе комедию, знаменитостей, музыкальных артистов и интересные истории.

Манера общения у ведущей Эллен столь непринужденная, что формируется впечатление, что ведущая и гость давненько знакомы и являются неплохими приятелями. Это очень эффективный прием развеселить и расположить к себе зрителей и самого героя интервью.

Поскольку целью Дедженерес представляется развлечение зрителей, здесь нет ничего официального и серьезного, поведение гостей вольное и расслабленное, контакт наполнен фактами из обыденной жизни, которые переводятся часто в шутку. Еще один значительный критерий удачной коммуникации – это богатство речи. Не последнее место в диалогах с знаменитыми гостями программы Дедженерес занимает лексический повтор. Кетти Перри употребляет такого рода повторяющиеся конструкции, чтобы добиться усиления эффекта: «We're back with the lovely lovely lovely lovely Rassel Brand so we are again together and very very happy to be here» [6].

В большом количестве возможно отметить сокращения слов, вместо употребления полной формы, что обусловлено тем, что гости Эллен довольно юные и современные подростки, молодые люди и девушки. Здесь можно вспомнить фразу Л. Шестеркиной «Личная нравственность тележурналиста — стержень не только профессии, но и всего телевидения. Она возрастает в связи с персонифицированным характером сообщаемой с экрана информации» [7].

3. Юрий Дудь, программа «Вдудь».

Юрий Дудь получил профессиональное журналистское образование, сейчас является ведущим своего видеоблога «вДудь» на ютубе. Принадлежность к профессии в данном случае важно отметить, потому что мы имеем дело с человеком, который знает журналистику и в теории, и на практике. Свой канал на ютубе Юрий создал 02.01.2014г.

Программа выходит уже девятый сезон, в каждом из которых от 16 до 19 выпусков. Сейчас общее число просмотров интервью на канале Дудя превышает 1,7 миллиардов. Самым просматриваемым оказалось интервью с работниками из Силиконовой долины «Как устроена IT-столица мира» (выпуск от 23.04.2020 года, более 47 млн. просмотров), меньше всего просмотров набрал выпуск с режиссером Борисом Хлебниковым (03.10.2017 года, чуть более 3-х млн. просмотров).

Съемки интервью проходят либо в студии (выпуски с Ксенией Собчак, Feduk'ом, Александром Петровым), либо на территории себе-

седника – рабочий кабинет (как, например, в выпусках с Гариком Мартиросяном, Семёном Слепаковым), офис (Алексей Навальный, Артемий Лебедев), квартира (Владимир Познер), дом (Павел Груднин, Гуф).

Наиболее важным и привычным элементом этих интернет-программ можно назвать частую смену локаций в ходе разговора. Участники интервью перемещаются в другую комнату (или другой рабочий офис), где проводят беседу стоя. К каждой беседе Юрий скрупулезно готовится, и это возможно осознать не только по тому, насколько предметные вопросы он задаёт, но и по реакции собеседников. Имеются определенные этапы подготовки к интервью, о которых я говорил выше.

В финале интервью Дудь начинает блиц-опрос, который в его блоге не подразумевает коротких ответов, и об этом Юрий постоянно предупреждает. Заметим, что этот блиц весьма похож на традицию Владимира Познера в программе «Познер», где в конце интервью Владимир задает гостям вопросы из опросника Марселя Пруста. Он не был автором данной анкеты, он дал наиболее оригинальные ответы на эти вопросы. Предположительные вопросы опросника были ориентированы на личность собеседника, на его предпочтения: «Если не собой, то кем вам хотелось бы быть?», «Где вам хотелось бы жить? Как вы желали бы умереть?»

Анализируя деятельность Юрия, автор может отметить, что в выпусках программы «вДудь» ведущий прибегает к следующим приемам воздействия в рамках этого приёма:

- *ссылка на неизвестный источник*, в данном случае реплика часто начинается с фразы «я слышал...»

- *приём сравнения* довольно часто используется в этой программе

- *объединение нескольких вопросов в один* используется Юрием, чтобы усугубить атмосферу, акцентировать внимание собеседника, обычно такие провоцирующие вопросы не особо приятны герою, и Дудь это знает.

- *провоцирующие вопросы* вместе с комплиментами собеседнику тоже много используются Дудем. По этому поводу исследователь О. С. Иссерс отмечает, что во время речевого воздействия имплицитно поданная информация обладает наивысшим потенциалом и силой [9].

Резюмируя, можно заключить, что особенность рассмотренного вопроса заключается в определении психологических и коммуникативных специфик интервью в сетевых медиа, изучению подчиненности этих специфик личности интервьюера и интервьюируемого, их межличностных связей и обсуждаемого вопроса, а также художе-

ственную составляющую в конечном продукте - видеоролике или фильме, то есть режиссуру.

Важно анализировать жанр интервью комплексно, потому как оно имеет ряд особенностей (возможность демонстрировать реакцию коммуникантов, их мимику, жесты, интонирование высказываний). Необходимо учитывать как коммуникативные особенности, так и психологические, поскольку по словам филолога Е. Пронина «мы на пороге развития неклассической ветви теории журналистики, основу которой должна составить специальная психологическая концепция, адекватная современной медиареальности» [10].

Отмечу, что к коммуникативным особенностям интервью в сетевых (видео или фильмы) медиа можно отнести речь (что произносят герои и авторы), к психологическим – жесты, мимику, реакции, положение тела, интонации, а к художественным – операторское решение, режиссуру и непосредственно художественное оформление пространства.

Литература:

1. Rantanen, Terhi From export to import. Russian television in the age of globalization. 1999
2. Блохин И. Н., Корконосенко С. Г. Сетевые СМИ российского мегаполиса. СПб., 2011. С. 82.
3. Борецкий Р.А., Цвик В.Л. Телевизионная журналистика [Электронный ресурс] /URL: <http://evartist.narod.ru/text6/23.html>
4. Бейсекеев К. «Я понимаю, что могу легко раздражать человека, и стараюсь не навредить герою» [интервью] // [Электронный ресурс]. URL:<https://informburo.kz/interview/kanat-beysekeev-ya-ponimayu-chto-mogu-legko-razdrazhat-cheloveka-i-starayus-ne-navredit-geroyu.html> 2017
5. Бейсекеев К. “В Казахстане стать крутым не сложно, если у тебя есть мозги, талант и вкус” [интервью] // [Электронный ресурс]. URL: <https://the-steppe.com/lyudi/kana-beysekeev>
6. Канал «The Ellen Show» / URL: <https://www.youtube.com/watch?v=kvEp3uw8z2Y>
7. Шестеркина Л.П., Николаева Т.Д. Методика телевизионной журналистики. Учебное пособие для студентов вузов [Электронный ресурс] / URL:http://dedovkgu.narod.ru/bib/shestjorkina.htm#_Специфика,_современное_состояние_и
8. Кал«вДудь»/URL:https://www.youtube.com/channel/UCMCgOm8GZkHp8zJ617_hIuA.
9. Иссерс О. С. Коммуникативные стратегии и тактики русской речи. М., 2008. С. 100.
10. Пронин Е.И. Психологические проблемы современной журналистики. [Электронный ресурс] / URL: <http://evartist.narod.ru/text7/38.htm> (дата обращения: 20.01.2018).

*Mergenbayeva Anar,
Nogerbek Baubek*
CO-PRODUCTION IN THE GLOBAL FILM INDUSTRY

*Мергенбаева А.М.,
Нөгербек Б.Р.,
PhD доктор философии, Казахская национальная академия искусств
им.Т.Жургенова*

**СОВМЕСТНОЕ ПРОИЗВОДСТВО
В МИРОВОЙ КИНОИНДУСТРИИ**

XXI век внес значительные коррективы в традиционные представления об институциональных формах функционирования художественной культуры. Функционирование искусства претерпевает ряд трансформаций. Макроэкономические факторы, агрессивно воздействующие на все сферы жизнедеятельности, заставляют его представителей искать новые инструменты и механизмы для преодоления создавшихся трудностей. К нетрадиционным методам создания художественных произведений в театре и кинематографе сегодня можно отнести копродукцию.

Копродукционизм в культуре и искусстве – глобальный тренд. Копродукция подразумевает совместное производство, совместную деятельность, совместное финансирование. Это не просто объединение усилий нескольких производителей, это особого рода интеграция, характеризующаяся достаточно сильным взаимопроникновением. Копродукция – совместное производство как минимум двух сторон, которые вовлечены в процесс создания и финансирования спектакля или какого-либо другого художественного продукта [5].

В исследовании Европейской аудиовизуальной обсерватории. К. Леонтьева определяет копродукцию в широком смысле как любую совместную деятельность кинематографистов из разных стран, а также результат этой деятельности – фильм, в производстве которого принимали участие специалисты разных стран [1].

В соответствии с Европейской конвенцией о совместном кинопроизводстве в понятие «совместного производства» фильма входит:

- согласование кинопроекта компетентными органами;
- долевое участие в создании проекта двух и более сопродюсеров за счет своих финансовых, материальных, творческих и иных ресурсов;

— получение сопродюсерами исключительных прав на совместно созданную кинопродукцию (co-production – копродукцию) и на участие в доходах от ее использования [2].

Международное совместное кинопроизводство как явление в киноиндустрии появилось в середине XX века среди стран с крупными историческими, культурными и языковыми связями.

Официально международное совместное производство стало возможным благодаря соглашениям между странами. Первый в истории киноиндустрии межправительственный договор о совместном производстве был подписан между Францией и Италией в 1949 году. В итоге ставшие классикой мирового кинофильмы Висконти Де Сика, Бертолуччи, Годара в большинстве своем являются фильмами совместного производства (Италия/Франция).

На протяжении второй половины XX века двусторонние и даже трехсторонние договоры о совместном производстве все больше и больше распространялись среди национальных партнеров, постепенно выходя за пределы Европы и набирая масштабы по всему миру [4, 9].

С 1990 года фильмы, удостоенные наград крупных международных кинофестивалей, демонстрируют не только чрезвычайно высокую долю совместных производств (от 60 до 70 %), но и широкий географический диапазон участников кинопроизводства. [12].

Кроме того, международные совместные кинопроизводства также могут состояться и вне рамок официальных совместных производств, например, со странами, которые не имеют соглашения, или в рамках проектов, которые не удовлетворяют официальным критериям совместного производства. [7].

Совместное кинопроизводство можно классифицировать по следующим признакам.

— По степени поддержки государства:

— *официальная копродукция* основана на межгосударственных соглашениях о сотрудничестве в области кинематографии. В результате фильм признается национальным во всех странах-участницах, сопродюсеры получают предусмотренные государственные льготы, а также обязуются выполнять условия, предписанные соглашениями [3];

— *неофициальная копродукция* – совместное производство, при котором одной из сторон оказываются услуги другой стороне. Для неофициальной копродукции государственными органами не предусмотрено специальное регулирование, поэтому она имеет различные формы взаимодействия сторон.

— По количеству участников:

— *двусторонняя* – осуществляемая кинокомпаниями или участниками съемочного процесса из двух стран;

— *трехсторонняя* – осуществляемая кинокомпаниями или участниками съёмочного процесса из трех стран;

— *многосторонняя* – осуществляемая кинокомпаниями или участниками съемочного процесса из четырех и более стран

— - По форме участия:

— *финансовая* - предполагает вложение денежных средств в кинопроизводство продюсерами из разных стран;

— *техническая* – предполагает вложение материально-технических ресурсов в кинопроизводство;

— *технологическая* – предполагает предоставление услуг одного сопродюсера другому при организации кинопроизводства;

— *творческая* – предполагает участие художественно-исполнительского или художественно-производственного персонала в международном совместном производстве.

— По степени участия:

— *сбалансированная копродукция* – все стороны принимают финансовое, творческое, техническое и технологическое участие в создании аудиовизуального произведения;

— *несбалансированная копродукция* – одна из сторон принимает участие в международном совместном производстве только по одной из форм, чаще всего финансовой.

— По количеству вложенных финансовых средств:

— *мажоритарная* – участник, внесший наибольший вклад;

— *миноритарная* – участник, внесший наименьший вклад [1].

Понятие может относиться только к одной конкретной стране. Например, во Франции доля мажоритарной копродукции – 28%.

— По причинам создания копродукции [8]:

— *естественная* – над проектом изначально работают авторы из разных стран и/или действие фильма происходит в разных странах;

— *обоснованная* – в проекте нет предпосылок к копродукции, однако по ряду причин – чаще всего финансовых, его реализация на территории страны-производителя невозможна и/или желательна для создания за рубежом.

Исходя из видовой и типологической классификации, можно определить факторы, влияющие на возможность реализации копродукции:

— *производственные факторы* – определяются уровнем развития инфраструктуры в каждом отдельном государстве;

— *социально-экономические факторы* представлены уровнем развития кинорынка и ликвидностью кинобизнеса как в каждой отдельной стране, так и непосредственно в компании, занимающейся кинопроизводством, экономическими льготами и прочими условиями ведения хозяйственной деятельности, а также рисками (инвестирования и прочими), которые сопровождают процесс совместного производства;

— *географические факторы* – определяются расположением съемочных локаций, транспортной доступностью территорий;

— *политические факторы* оказывают большое влияние на формирование копродукции. Определяются особенностями внешней политики государств.

Для кинематографистов важным преимуществом совместного производства (копродукции) является его квалификация как «национальное производство» в каждой из стран-партнеров и предоставляется возможность получения доступа ко всем ресурсам, доступным местной киноиндустрии, в том числе:

- доступ к новым рынкам;
- возможность привлечения финансирования из различных источников;
- повышение качества продукции (фильма);
- доступ к специальным навыкам или оборудованию;
- возможность приобретения новых профессиональных знаний;
- доступ к новым площадкам съемок (локациям);
- доступ к менее дорогостоящим входным ресурсам (различным услугам для кинопроизводства, специалистам, персоналу) [4].

Следует отметить, что в киноиндустрии остро стоит и задача возврата вложенных средств, так как кинопроекты не всегда приносят прибыль и средства становятся безвозвратными. Мировая статистика рентабельности фильмопроизводства свидетельствует о коммерческом успехе только каждого десятого кинопроекта, а среди продюсеров даже сформировалось мнение, что только 10% фильмов собирают 90% кассы. Фильм, созданный в рамках копродукции, получает возможности более широкого проката, не ограничиваясь внутренним рынком, что влечет увеличение прибыльности кинопроекта[11].

Исследование Европейской аудиовизуальной обсерватории (European Audiovisual Observatory) показало, что фильмы, произведенные в рамках копродукции, генерируют в несколько раз больший доход, чем национальные кинопроекты за счет возможностей более масштабного кинопоказа, а также имеют более доступные диверсифицированные источники финансирования производства[10].

Преимущества копродукции для фильмопроизводства все больше привлекают продюсеров к участию в совместном производстве. Кинопроизводители находятся в поиске по всему миру региональных или национальных фондов/программ, которые предлагают финансовые стимулы с целью привлечения съемок картин на свою территорию. Голливуд также ввел другой вид глобализации кинопроизводства, а именно аутсорсинг убегающих производств на территорию других штатов и стран, которые предлагают конкурентоспособные цены (т.е. предотвращение ухода национальных производств за пределы страны). Стоит отметить, что совместное кинопроизводство в силу своей коммерческой направленности ориентировано на международную аудиторию, следовательно, тесно связано с продвижением проектов копродукции на международных рынках [6].

Литература:

1. Будилов В.М., Громова Е.А, Ртищева Т.В. Международное совместное кинопроизводство в Российской Федерации: сущность, классификация и государственное регулирование// Петербургский экономический журнал. – 2018 - №2 – С. 21- 29
2. Европейская конвенция о совместном кинопроизводстве (ETS № 147). Электронный фонд правовой и технической документации. [Электронный ресурс]. URL: <http://docs.cntd.ru/document/901755243>
3. Кинопроизводство и копродукция в России. Экспорт российских фильмов за рубеж / К. Леонтьева [и др.]. Страсбург: Европейская аудиовизуальная обсерватория (Совет Европы). 2016. 94 с.
4. Малышев А.В., Ланина Л.А. Совместное производство в киноиндустрии: вопросы развития // Креативная экономика. – 2019. – Том 13. – № 5. – С. 991-1002.
5. Хангельдиева И.Г. Копродукционизм в культуре и искусстве как глобальный тренд/Культура и общество – 2016 - № 2. – С. 152- 159
6. Чудакова А. В. Сущность понятия международного совместного кинопроизводства и предпосылки его развития // Государственное управление. -2013. № 40. С. 78–88.
7. Чудакова А.В. Совместное кинопроизводство в современной международной киноиндустрии. Основные тенденции // Вестник ВГИК, 2014. – № 3
8. Baltruschat D. Globalization and International TV and Film Co-productions: In Search of New Narratives // Media in Transition 2: Globalization and Convergence. Cambridge, Massachusetts.
10. Diversity and the film industry An analysis of the 2014 UIS Survey on Feature Film Statistics. Unesco. [Электронный ресурс]. URL: http://uis.unesco.org/sites/default/files/documents/diversity-and-the-film-industry-an-analysis-of-the-2014-uis-surveyon-feature-film-statistics-2016-en_0.pdf Published in 2016.
11. Kampe R.Foreign Sales 101: What Independents Need to Know About Selling Films Abroad./ Ryan Kampe.// Filmmaker Magazine. Filmmakermagazine.com. [Электронный ресурс]. URL: <https://filmmakermagazine.com/>
12. Machab G. How the revised European co-pro treaty can benefit producers // Screendaily, 2017. – URL: <https://www.screendaily.com/features/how-the-revised-european-co-pro-treaty-can-benefit-producers/5114776.article>

Tolegen Zh.B., Aidar A.M.

THE HISTORY OF SCREEN ADAPTATION AND ARTISTIC FEATURE

Төлеген Ж.Б

Айдар А.М., PhD докторы.

ЭКРАНИЗАЦИЯ ТАРИХЫ МЕН ОНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кино өнерінің мүмкіндіктері де, артықшылықтары да көп екені белгілі. Солардың қатарында кітаптағы адам санасында ғана жүзеге асатын қияли оқиғаны экранға әкеліп, қалың көрерменге алуан түрлі бояуда ұсынатын ерекше әдіс бар. Ол – экранизация. Экранизация ұғымының аясы кең. Әлемдік кино нарығының ең үздік фильмдерінің басым көпшілігі көркем әдебиет желісімен түсіріліп, көрерменге жол тартты. Экрандалу өнерінің тарихына тереңінен үңілсек, көптеген тың деректерге көзіміз жетеді.

Экранизация – өзге өнер түрлерін кино құралдарының көмегімен интерпретациялау. Оның ішінде әдебиет, драма және музыкалық театр, сонымен қатар опера және балет т.б жатады. Бірақ, экранизация ұғымы бәрінен бұрын әдеби шығарманы кино тіліне аударумен байланысты айтылған. Бұл процесс көркем шығармалардың танымалдылыққа ие болуына үлкен ықпал етті. Осы орайда, экранизация тарихына тоқталсақ. Экранизацияның ең алғашқы жетістігі француз режиссері Жорж Мелестің әдеби шығармаларынан бастау алды. Ол ең алғаш 1902 жылы Д.Дефо мен Д.Свифтің шығармаларының желісі бойынша «Робинзон Крузо» және «Гулливер» фильмдерін түсірді. Кейін Шекспир шығармалары бірінен соң бірі экранға жол тартты. Бір емес бірнеше нұсқада түсірілген Шекспир шығармалары әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Заманауи өнер кеңістігінде әдеби шығармалар экран өнеріне тікелей тәуелді деген пікірді Александр Генис былай сипаттайды: «...қазіргі таңда әдеби шығарманың фильмге тәуелділігі соншама, біріншісі екіншісінің жартылай фабрикатына айналып отыр. Америкадағы экранизация саласының Джон Гришам, Стивен Кинг, Том Клэнси сынды нағыз шеберлері шығармаларын оқырман үшін және экранизациялау үшін деп екі түрлі нұсқада жазады. Тіпті, белгілі бір Голливуд актерына арнап жазады. Мен бұдан әдебиетке еш зиян көріп тұрған жоқпын. Тіпті, әдеби шығарма экранға келгенімен ештеңе жоғалпай керісінше көп нәрсеге ие болатыны анық. Ең алдымен ықшамдық пен қарқынды танымалдылыққа ие болады». Көптеген адамдар экранизацияны өзіне тән ерекшеліктерді пайдалана

отырып, кітаптың сюжеті мен сипатын дәл жеткізу керек деп санайды. Сондықтан оны экрандағы шығарманың әдеби үлгісінің сәттілігі тұрғысынан бағалау керек. Кейбір адамдар, экранизацияны түпнұсқа туынды деп есептейді. Ол көркем шығарманың сюжеті бойынша құрылғанымен, одан бөлек болуы керек.

Екіншісі шығарманың *желісі бойынша* түсірілген кинотуынды. Фильм субтитрынан «романның желісі бойынша немесе романға негізделген» деген сынды тіркестерді байқаймыз.

Үшінші түрі *киноадаптация* немесе мазмұнды иллюстрация. Экранизацияның мазмұнды иллюстрациялық түрі фильмнің әдеби шығарманың мәтінін мүмкіндігінше дәл жеткізу емес, оның идесы бойынша жаңа, соны туынды жасау. Соған қарамастан бастапқы дереккөзбен өзара анық байланысып, оны толықтыру мақсаты басты назарға қойылады. Экранизацияның бұл түрінде төмендегідей жағдайлар орын алады:

1. Мәтін фильмнің болжалды кадрларынан ұзағырақ болса немесе (бұл сирек кездеседі) сол жазушының басқа шығармаларынан үзінділер есебінен ұзартылған болса, онда ол мақсатты түрде қысқартылады.

2. Кейіпкерлердің ойлары мен сезімдерін прозалық сипаттау және автордың пайымдаулары қажет болған жағдайда кадр сыртында диалог пен монологты пайдалана отырып жеткізудің бірнеше түрі пайдаланылады.

3. Егер драмалық шығарма экрандалса, диалогтар мен монологтар, керісінше, қысқарады.

Қай кезеңді алып қарамасаңыз да, классикалық шығармалардың экранизациялануы өте үлкен танымалдылыққа, сұранысқа ие болды. Қарапайым тілмен айтсақ, адамдардың кітап оқуға уақыты бола бермегендіктен, экранизация таптырмас мүмкіндікке айналды. Экранизация тарихында ең көп экранизацияланған шығармалар қатарында ресейлік әдебиеттің алатын орны ерекше. Мәселен, Толстой, Достоевский, Пушкин, Булгаков, Гоголь сынды классик жазушылардың шығармалары әлі күнге дейін көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп келеді. Толстойдың бір ғана «Анна Каренинасын» шетелдің отызға жуық режиссері түсірген болатын. Танымал шетелдік классик жазушылардан Джейн Остин, Шарлотта Бронте, Артур Конан Дойл және т.б. сынды авторларды атауға болады. Айта кететін жайт, классикалық әдебиеттің ең сапалы және танымал экранизациялық туындыларының басым көпшілігі олардың авторларының туған жерінде түсірілген.

Дегенмен, режиссердің классикалық шығармаға тың көзқарасы және оның жаңашыл идеялары шығарманы жаңа қырынан аша алады.

Классикалық шығармалардан кейін, хоррор жанры да үлкен танымалдылыққа ие. Бұл жанр шиеленіс, қорқыныш атмосферасын беруге арналған. Кітапта бұл жанрды елестету адамның қиялының есебінен жүзеге асады. Ал, кинематографияның ерекшелігі бұл жанрды актерлық шеберлік, музыка, арнайы эффектілер мен монтаж көмегі арқылы түрлендіруге болады. Хоррордың классикадан айырмашылығы, әдеби түпнұсқаны кино тіліне дәл аударудан гөрі атмосфераны шебер әрі шынайы жеткізу болып табылады. Хоррордың бастапқы дереккөзге сәйкестігі және автордың негізгі идеясын беруі үлкен артықшылық екені анық, дегенмен, атмосфера мен ойын-сауық, қорқыту, үркіту бірінші орынға шығады. Мысал ретінде Кодзи Сузукидің «Қоңырау» мен Брам Стокердің «Дракуласын» алуға болады.

Фэнтези жанры да - өнердің ең танымал және сұранысқа ие түрлерінің бірі. Ол әдебиетте де, кескіндемеде де, кинода да бар. Бұл жанр мифологиялық және ертегілік мотивтерді қолдануды көздейді және бұл көрерменді визуалды түрде өзіне тартады. Джон Рональд Руэль Толкиеннің шығармалары жанрдың қалыптасуына және 20 ғасырдағы танымал мәдениетке үлкен әсер етті. Қазіргі фантазия қалай болғанда да Толкиеннің шығармаларына негізделген.

Фэнтези жанрының экранизациялануының ерекшелігі, оған басқа жанрларға қарағанда кеш назар аударылды. Шығармада келтірілген фантастикалық дүниелерді экранда бейнелеу қиынға соқты. Тек киноның техникалық құралдарының дамуымен ғана ол қолжетімді болды. Алайда автордың қиялынан туған дүниелерді толық көрсету мүмкін емес еді. Қазіргі уақытта бұл жанрдың ең көрнекті өкілдері «Сакиналар әміршісі» және «Гарри Поттер» деп атауға болады. Екі шығарма да танымал болды, ал фильмдері рекордтық көрсеткіш орнатты. Жалпы түсірілім дәрежесі, көркемдік ерекшеліктер, таңғажайып музыкалық сүйемелдеу, костюмдер, монтаждау және керемет актерлық шеберлік көрерменді ғажайып фэнтези әлеміне еріксіз сенуге мәжбүр етті.

Барлық экранизацияда белгілі бір детальдар алынып, не қосылып отырды, дегенмен бұл фильм сапасына кері әсер етпей, керісінше оны түрлендіріп отырды. Кинотанушы Е.Левин өз сөзінде «Классиканы интерпретациялауда біз шебер автопортрет жасап, оны барлық арманымызбен, жоспарымызбен бірге еріксіз болашаққа табыстаймыз» деген еді. Осы сынды әлемдік классика қоржынында талай сапалы туындылар бар. Экранизацияның тағы бір ерекшелігі заманауи мүмкіндіктерді пайдалана отырып, техниканың дамыған заманында адамдарға 400-500 тіпті одан да көп беттік шығарманы бірнеше сағатқа сыйдыру арқылы көрерменге көркем туынды ұсыну

болып табылады. Экранизациялаудың негізгі проблемасы әдеби шығарманы интерпретациялау барысында түпнұсқа мен көркем фильм бағытындағы қарама-қайшылықтар болып табылады.

Түсірілім кезінде режиссер қосалқы сюжеттерден, детальдар мен эпизодтық кейіпкерлерден бас тарта алады немесе, керісінше, сценарийге түпнұсқада болмаған, бірақ режиссердің пікірінше, шығарманың негізгі идеясын сәтті жеткізетін эпизодтарды өз тарапынан енгізе алады. Осы тұрғыда экрандалу мәселесі сан алуан қайшылықтарға жолығады. Кейбір жағдайларда экранизациялау барысында қосалқы сахналар қосады. Бұл әдеби дастанның бөлігі болса ғана дұрыс деп есептеледі. Сондай-ақ, режиссерлер жаңа кейіпкерлерді ойлап табады немесе бастапқы материалда мүлде болмаған оқиғаларды жасайды. Фильмнің күтілетін аудиториясын ескере отырып, жазушы, режиссер немесе киностудия кейіпкердің уақытын ұзартқысы келуі немесе жаңа кейіпкерлер ойлап табуы мүмкін. Кейбір кинотеоретиктер режиссердің экранизацияланатын шығармаға мүлде немқұрайлы қарауы керек, өйткені роман ол роман, ал, фильм мүлде өзге өнер түрі деп есептейді.

Екі өнер туындысына жеке-жеке объект ретінде қарау керек дейді. Романды фильмге тура көшіру мүмкін емес болғандықтан, тіпті дәлдік мақсатын қоюдың өзі артық. Көркем шығарманың мазмұны мен кейіпкерлерін режиссер өз қалауынша өзгертуге мүмкіндігі бар. Себебі, әдебиет пен кино екі бөлек жанр. Ал, кейбір пікірлерге сүйенсек, экрандалған нұсқа бәрібір де көркем шығарманың көшірмесі болып табылады. Экрандалу мәселесінде жиі назардан тыс қалатын аспектінің бірі - дыбыс пен музыка. Экрандалу тарихына үңіле отырып, біз интерпретациялау тәсілі қай кезеңнен бастау алғанын білдік. Бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан бұр үрдістің көрерменге де, жалпы кино мамандарына беретін пайдасы зор. Экранизацияны жеке дара өнер ретінде қарастырсақ, артық етпейді.

Себебі, бұл бағыт өзіне көптеген мүмкіншіліктерді ұштастыра отырып, прогрессивті түрде қарқынды даму үстінде. Шетелдік экранизация тарихынан бөлек отандық экранизациялау тарихы да туындарға бай. Солардың қатарында «Қараш-Қараш» (1969 ж.), «Көксерек» (1973 ж.), «Қаралы сұлу» (1982 ж.), «Сен мені ұмыт» (1995 ж.), Т. Ахтанов «Ант», М.Әуезов "Абай жолы" «Абай» (1995ж.) Е.Смағұл «Ақбоз үй», «Сұрапыл Сұржекей» (1991ж.), «Жансебіл» (1991ж.) «Махаббат бекеті» (1993ж.) Ж.Қорғасбек «Жансебіл» «Заманай» (1998ж.), С.Жүнісов "Аманай", «Гіршілік» (1998ж.), Д.Исабеков «Тауқымет», «Қызжылаған» (2002 ж.), Роза Мұқанова «Мәңгілік бала бейне», «Күнә» (2005ж.), М.Жұмабаев «Шолпанның күнәсі», «Кек» (2006ж.), Ә. Кекілбаев «Күйші», «Талан» (2018 ж.),

Ж.Қорғасбек «Қасқыр-адам», Т.Теменов «Гүлназ» сынды туындалар бар. Бұл тізімнің қатары жалғаса береді.

Экранизация автордың шығармаларының өзгеше бағыт алуына, жаңа таланттарды ашып, көрермен жинауда үлкен рөл атқарады. Экранизацияның өзіне тән артықшылықтары мен қоса, кемшін тұстары да бар. Артықшылықтары:

1. Кино - өнердің ең қолжетімді түрі;
2. Көрерменнің басым көпшілігіне кітап оқығаннан гөрі, фильм көрген оңай;
3. Қаржылық тұрғыда киноға билет бағасы қолжетімді;
4. Осы уақытқа дейін киноның жеткен жетістіктері ұшан теңіз және үлкен танымалдылыққа ие;
5. Көркем шығармадан гөрі, экранизацияның сәтті шыққан тұстары көптеп кездеседі;
6. Кино – өзінің техникалық мүмкіндіктерінің арқасында көрерменді баурап, тамаша демалыс сыйлай алатын мүмкіндігі бар.

Ал, енді кемшін тұстарына:

1. Қате, тексерілмеген ақпарат;
2. Экран алдында ұзақ отыру;
3. Шығараның көркемдік ерекшелігінің бұзылуы, артық ақпараттың көп болуы жатады.

Экрандалу тарихына шолу барысында, көптеген тың деректерге тоқталуға болады. Классикалық шығармалардан бастау алып, бүгінгі күнге дейінгі жалғасып келе жатқан бұл үрдістің болашағы жарқын. Себебі, кино нарығында сұранысқа ие бұл әдіс әдеби көркем шығарманың екінші тынысы десек болады. Режиссер шығарманың көркемдік ерекшелігін одан сайын байытып, автордың айтар ойын өзгертпей, өз жанынан жаңашыл идея қосып, шығармаға терең рух беріп, оны өміршең қыла білсе, бұл үлкен жетістік. Бұған себеп, көркем әдебиеттің дәрежесі көтеріліп, сапалы туындылар өмірге келуде. Болашақта бұл экранизацияланатын шығармалардың қатары көбейетіндігін анық көрсетеді. Және бұл жақсы құбылыс. Экранизация тақырыбы қай кезеңде де өзекті, қызықты, маңызды. Экрандалу өнерінің маңызы қай кезең болмасын үнемі қозғалатын тақырып екендігіне анық.

Әдебиеттер:

1. Генис А. Фотография души. В окрестностях филологического романа.
2. Ромм М., О кино и хорошей литературе, в его сб.: Беседы о кино, М., 1964;
3. Маневич И., Кино и литература, М., 1966;
4. Книга спорит с фильмом, в сб.: Мосфильм, в. 7, М., 1973;
5. Зак М., Литература и режиссер, «ИК», 1980, № 7

ЭТНОМӘДЕНИ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР/
ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ И ФОЛЬКЛОР

Arzamasuly Nurbolat, Nurtaza Raushan

LIFE STORY OF FAYZOLLA SATYBALDYULY

Арзамасұлы Н., Нұртаза Р., өнертану кандидаты

ФАЙЗОЛЛА САТЫБАЛДЫҰЛЫНЫҢ ӨМІР ТАРИХЫ

1988 жылдың аяғында ұлы Ахаң (Ахмет Байтұрсынов) бастаған Алаш алыптарының ақталып, рухани айналымға қосылуы – белгілі. «Жаксыдан – шарапат» дегендей сол теңдесі жоқ тұлғалардың халқымен қайта қауышуы – куғын-сүргін жылдарының зіл-заласын, мұң-наласын олармен бірге көрген, абақтыда, айдауда бірге болған, өлімнен аман қалып, елге жан сауғалап, сұлделерін сүйретіп жеткен, бірақ бәрібір Отанына келген соң да әдеби ортадан аластатылған, өмірден өксіп өткен, көздің жасымен, қаламның ұшымен ақ қағазға құйып жазғандары жарияға шығар тескіндік таппай арманда кеткен бір топ табиғи таланттардың да туындыларына жол ашты. Солардың бірі де, бірегейі де – торғайлық Құранқари ақын *Файзолла Сатыбалдыұлы*.

Файзолла Сатыбалдыұлы 1883 жылы қыркүйектің 27 жұлдызында бұрынғы Торғай облысы, Торғай уезіне қарасты Батпаққарада, есімі Кіндік Азияға белгілі дінбасы, әулие Сатыбалды ишанның (лақап аты Қыпшақ ишан) отбасында дүниеге келді. Файзолла - текті атадан, бабалы әулеттен. Яғни қазақтың жалпақ тілімен айтсақ «әруақ қонып, нар шөккен, қыдыр дарып, байлық, билік, батырлақ, ақындық, өнерпаздық сүйегіне сіңген» Ұзын Қыпшақ аталығынан. Ол 7 жасында ауыл молдасынан, 8 жасында өз әкесінен, 9 жасында Троицкідегі Ахон хазреттен (Сатыбалды ишанның Бұхара шәріпте бірге оқыған досы) оқып, 10 жасынан 17 жасқа дейін Бұхара шәріпте қарилық оқуда болады. Мұндағы ұстазы – қари Бахрам деген ғалым. Кәләмәлланы (Құранкәрімді) жатқа оқиды. Ондағы 6666 аятты бойына сіңіре біледі. Ол 1900 жылы Құранқарилық атақ алып, елге оралғанда әкесі Сатыбалды ишан өмірден өтіп кеткен еді. Сондықтан Троицкідегі сүйікті ұстазы әрі әкесінің қияметтік досы Ахон хазретке барып, бір жыл онымен бірге мешіт, медреседе қызмет істеп, тәлім тәрбие алып, тәжірибеден өтеді. Осында ол атақты татар байы, миллионер Молдағали Яушевпен танысады. Оның жүн-тер сатып алатын дүкенінде сұрыптаушы болып істеп жүрген Мұхамеджан Сералинмен кездеседі. Бұл кезде оның «Топжаған» деген поэмасы жеке кітап болып басылып шыққан еді. М.Яушев үйінде М.Сералинмен танысып-білісу – жас Файзоллаға үлкен әсер етеді.

